

«Табиғат» аңшылар және аңшылық
шаруашылығы субъектілері қоғамдық
бірлестіктерінің республикалық
қауымдастығының
2021 жылғы _ қыркүйектегі №
бұйрыққа Қосымша

**«ТАБИҒАТ» АҢШЫЛАР ЖӘНЕ АҢШЫЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ СУБЪЕКТІЛЕРІ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРІНІҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҒЫ**

**АҢШЫЛЫҚ МИНИМУМЫ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША**

ЖАДЫНАМА

**(АЗАМАТТАРДЫ АҢШЫЛЫҚ МИНИМУМЫ БОЙЫНША ЕМТИХАН
ТАПСЫРУҒА ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚҰРАЛЫ)**

Алматы 2021

Аңшылық минимумы

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің 2012 жылғы 13 наурыздағы
№ 25-03-02/95 бұйрығымен бекітілген)

Р/с №	Тақырып атауы	Сабақтар сағатының саны
1	<p>«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 580-бабы.</p> <p>«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының <u>Заңы</u>.</p> <p>«Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысы.</p> <p>«Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 <u>бұйрығы</u> (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген).</p> <p>«Аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/106 <u>бұйрығы</u> (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10494 болып тіркелген).</p> <p>«Аң аулау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 <u>бұйрығы</u> (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11091 болып тіркелген).</p> <p>«Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзумен келтірілген зиянның орнын толтыру мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 <u>бұйрығы</u> (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10929 болып тіркелген).</p> <p>Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне және 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес жауаптылық.</p>	12
2	<p>Қауіпсіздік техникасы: аң аулауды жүзеге асыру кезінде; аң аулау құралдарын қолдану кезінде; зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету.</p>	4
3	Барлығы сағат	16

АҢШЫЛЫҚ МИНИМУМЫ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ЖАДЫНАМА

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

Жануарлар дүниесіне және жануарлар дүниесі объектілеріне меншік;
Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы бақылау;
Жануарлар дүниесін пайдалану;
Жануарлар дүниесін пайдаланудың түрлері;
Жануарлар дүниесін пайдалануға беру;
Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы;
Аң аулау ұғымы және түрлері;
Аң аулау құқығы.

2-бөлім. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы жануарлар түрлерін аңшылық мақсатында алып қоюға қатысты нормативтік-құқықтық актілер.

Қазақстан Республикасында аң аулау ережелері мен мерзімдері;
Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру;
«Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы» Салық кодексі;
Аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесі;
Жануарлар мен өсімдіктердің сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі;
Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы.

3-бөлім. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

Зиянды өтеу мөлшері;
Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық;
Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық.

4-бөлім. Аңшы этикасы

5-бөлім. Аң аулау тәсілдері

Аң аулаудың негізгі тәсілдері;
Аң аулаудың ит шаруашылығы;
Аушы құстар.

6-бөлім. Рұқсат беру жүйесі

7-бөлім. Қауіпсіздік техникасы:

аң аулау құралдарымен жұмыс істеген кезде;
аң аулауды жүзеге асыру кезінде.

8-бөлім. Зардап шеккендерге алғашқы көмек.

1-бөлім.

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Заңнамасы

«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі № 593 Заңы (бұдан әрі – Заң) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және қазіргі және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, адамның экологиялық, экономикалық, эстетикалық және өзге де қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жануарлар дүниесін және оның биологиялық әртүрлілігін сақтау жағдайларын, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану шарттарын қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

аншлаг – аңшылық шаруашылықтардың, өсімді молайту учаскелері мен тыныштық аймақтарының, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің атауы мен шекараларын, сондай-ақ аңшылыққа және балық аулауға тыйым салынған мерзімдер мен орындарды көрсететін маңдайша жазу;

аңшы – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аң аулауға құқық алған жеке тұлға;

аңшы куәлігі – жеке тұлғаның аң аулау құқығын куәландыратын белгіленген түрдегі құжат;

аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қоры – жануарлар дүниесін пайдаланушыларға бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелері;

аңшылық минимумы (бұдан әрі – аңшылық минимумы) - Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының, аң аулау кезіндегі қауіпсіздік техникасының мәселелерін қарайтын оқыту бағдарламасының арнайы қысқаша курсы, оны білу аңшы куәлігін беру үшін міндетті шарт болып табылады;

аңшылық иттердің ұлттық тұқымы – Қазақстан Республикасының аумағында халықтық селекциялық әдіспен алынған және әдетте әуесқойлық (спорттық) аңшылықта қолданылатын тазы, төбет тұқымы;

аңшылық олжа – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мекендеу ортасынан алынған жануар (балық ресурстары мен басқа да су жануарларынан басқа), олардың бөліктері мен дериваттары;

аңшылық шаруашылығы – аңшылық алқаптарда жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану, жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын сақтау, оларды қорғау және өсімін молайту жөніндегі шаруашылық қызметтің түрі;

аңшылық шаруашылығының санаты – аңшылық шаруашылықтарына шаруашылықаралық аңшылықты ұйымдастыру негізінде берілетін, аңшылық алқаптары өнімділігінің, күзет және өсімін молайту іс-шаралары сипатының белгілері бойынша аңшылық шаруашылықтарының жіктемелік бөліну бірлігі;

аңшылық шаруашылығы субъектісі – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аңшылық шаруашылығын жүргізетін жеке немесе заңды тұлға;

аңшылық шаруашылығының ішкі регламенті – жеке тұлғаның аңшылық шаруашылығы аумағында аң аулауды жүргізу тәртібін белгілейтін, жануарларды ұстап алу нормасын, көрсетілетін қызметтердің баға преискурантын қамтитын құжат;

аушы жыртқыш құс – аң аулауда пайдаланылатын қыран, сұңқар, қаршыға және жыртқыш құстардың басқа да түрлері;

биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің жол берілетін аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

дериват – жануардың туынды түрі мен одан және оның туынды түрінен өндірілген өнім;

аң-құс өсіру – аң аулау объектісі болып табылатын жануарларды аңшылық шаруашылық субъектілерінің өсіруі;

жануарлар – құрғақта, суда, атмосферада және топырақта табиғи еркіндік жағдайында болатын жабайы жануарлар (сүтқоректілер, құстар, бауырымен жорғалаушылар, қосмекенділер, балықтар, моллюскалар, жәндіктер және тағы басқалары);

жануардың бөлігі (бұдан әрі – бөлік) – жануардың түрін танып білуге мүмкіндік беретін оның денесінің бір бөлігі;

жануарларды будандастыру – шаруашылықта пайдалы озық белгілері немесе қасиеттері бар дара нұсқаларды алу мақсатында жануарлардың алуан түрлерінің немесе тұқымдарының дара нұсқаларын шағылыстыру;

жануарлар дүниесі – Қазақстан Республикасының аумағын тұрақты немесе уақытша мекендейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңының және айрықша экономикалық аймағының табиғи ресурстарына жататын жануарлар жиынтығы;

жануарлар дүниесі объектілерін алып қою – табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін жануарларды, олардың бөліктері мен дериваттарын мекендеу ортасынан жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттың негізінде алу (ұстап алу, аулау, атып алу, жинау, соғып алу);

жануарлар дүниесі объектілерін қолдан өсіру – көлде тауарлы балық өсіру шаруашылықтарын, тор қоршамада балық өсіру шаруашылықтарын және сумен қамтамасыз ету циклі тұйықталған балық өсіру шаруашылықтарын қоса алғанда, жануарлар түрлерін еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру;

жануарлар дүниесін қорғау – жануарлар дүниесін, олар мекендейтін ортаны және биологиялық сан алуандықты сақтауға, жануарлар дүниесі объектілерін орнықты пайдалану мен өсімін молайтуға бағытталған қызмет, сондай-ақ жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар кешені;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы басшылықты, сондай-ақ өз өкілеттіктері шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау – уәкілетті органның, ведомствоның және оның аумақтық бөлімшелерінің тексерілетін субъектілерді олардың қызметінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігіне тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша шұғыл ден қоюсыз құқықты шектеу сипатындағы шаралар қолданылуы мүмкін;

жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік қадағалау – уәкілетті органның, уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің жеке тұлғалардың Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауын тексеру және қадағалау жөніндегі қызметі, оны жүзеге асыру барысында және оның нәтижелері бойынша құқық шектеу сипатында, оның ішінде жедел ден қою шаралары қолданылуы мүмкін;

жануарлар дүниесін орнықты пайдалану – жануарлар дүниесі объектілерін жануарлар дүниесінің түрлік сан алуандығының таусылуына әкеп соқпайтын және оның өсімін молайту мен қазіргі және келешек ұрпақтың қажеттіліктерін қанағаттандыру қабілетін сақтап қалатын тәсілдер арқылы пайдалану;

жануарлар дүниесін пайдалану – жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын және пайдалы қасиеттерін мекендеу ортасынан айырып немесе айырмай пайдалану;

жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат – жеке және заңды тұлғаларға жануарлар дүниесін пайдалануға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің ұстап алынған объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын, оның ішінде аңшылық және балық аулау олжаларын әкетуге және өткізуге құқық беретін, белгіленген нысандағы құжат;

жануарлар дүниесін пайдаланушылар – осы Заңға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалану құқығы берілген жеке және заңды тұлғалар;

жануарлар дүниесінің биологиялық сан алуандығы – жануарлар дүниесі объектілерінің бір түр шеңберіндегі, түрлер арасындағы сан алуандығы және экологиялық жүйелердің сан алуандығы;

жануарлар дүниесінің мекендеу ортасы – жануарлар дүниесінің объектілері табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін табиғи орта;

жануарлар дүниесінің мекендеу ортасын қорғау – табиғи еркіндік жағдайында жануарлар дүниесі объектілерінің орнықты тіршілік ету және өсімін молайту шарттарын сақтауға немесе қалпына келтіруге бағытталған қызмет;

жануарлар дүниесі объектісі – жануарлардың дара нұсқасы немесе популяциясы;

жануарларды интродукциялау – жануарлар түрлері дара нұсқаларының ареалдардан (таралу аясынан) тысқары, бұл түрлер бұрын мекендемеген, олар үшін жаңа орындарға әдейі тарату немесе олардың кездейсоқ таралуы;

жануарларды реинтродукциялау – жануарлар түрлері дара нұсқаларын бұрынғы мекендеу орталарына әдейі ауыстыру;

жануарлар түрлерінің өсімін молайту – жануарлар түрлерінің табиғи жағдайларда табиғи көбеюі және оларды жасанды өсіру;

жолдама – бекітіліп берілген аңшылық алқаптарға және (немесе) балық шаруашылығы су айдындарына және (немесе) учаскелеріне жануарлар дүниесі объектілерін ұстап алу мақсатында бару үшін жеке тұлғаға берілетін құжат (біржолғы немесе маусымдық);

қорықшы – бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды жүзеге асыратын қорықшылық қызметтің арнайы уәкілеттік берілген тұлғасы;

қорықшы куәлігі – қорықшының құқықтарын куәландыратын, белгіленген нысандағы құжат;

қорықшылық қызмет – аңшылық және балық шаруашылығы субъектілерінің бекітіліп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функцияларын жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшесі;

сервитут – аңшылық және балық шаруашылықтарының мұқтаждары үшін бөгде біреудің жер учаскесі мен су объектісін, оның ішінде бекітіліп берілген балық шаруашылығы су айдынын және (немесе) учаскесін шектеулі түрде мақсатты пайдалану құқығы;

тыныштық аймағы – жануарлар дүниесін сақтау немесе қалпына келтіру үшін ерекше маңызы бар, шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру қызметі айқындайтын, оның шеңберінде (тұрақты немесе уақытша) шаруашылық қызметтің жекелеген түрлері мен нысандарына тыйым салынған немесе регламенттелген аумақ;

уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың мамандандырылған ұйымдары (бұдан әрі – мамандандырылған ұйымдар) – жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік мекемелер және республикалық мемлекеттік кәсіпорындар;

фермерлік аңшылық шаруашылығы – жеке меншіктегі жануарларды аңшылық мақсатында қолдан өсіруге маманданатын аңшылық шаруашылығы;

шаруашылық аралық аңшылық ісін ұйымдастыру – жобаланатын аңшылық шаруашылығы үшін аңшылық шаруашылығының шекарасы мен санаттарын айқындау, оның алаңын есептеу, жануарлар дүниесі мен ол мекендейтін ортаның жай-күйін, жануарларды

есепке алу әдістемелерін, жануарларды есепке алудың бақылау маршруттары мен алаңқайларын айқындау;

шаруашылық ішілік аңшылықты ұйымдастыру – аңшылық алқаптарын түгендеу, сапасын бағалау, олардың табиғи және экономикалық жағдайларын зерттеу, жануарларды есепке алу, олардың негізінде аңшылық шаруашылығын жүргізу жоспары әзірленетін биотехникалық және пайдалану іс-шараларын жобалау жөніндегі іс-шаралар кешені.

Жануарлар дүниесі мен жануарлар дүниесі объектілеріне меншік (Заңның 4-бабы)

Жануарлар дүниесі мемлекеттік меншікте болады. Мекендейтін ортадан осы Заңда белгіленген тәртіппен алынған, сондай-ақ еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда өсіріліп, ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілері оларды аулайтын, өсіретін және ұстайтын жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жүйесі (Заңның 6-1-бабы)

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғауды, өсімін молайтуды және орнықты пайдалануды қамтамасыз ету жүйесіне:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган (Ауыл шаруашылығы министрлігі) аумақтық бөлімшелерімен (Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі облыстық аумақтық инспекциясы) бірге ведомствосын (Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті) қоса алғанда;
- 3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану саласындағы қызметті жүзеге асыратын өзге де мемлекеттік органдар (ЕҚТА);
- 4) жергілікті мемлекеттік басқару органдары;
- 5) мамандандырылған ұйымдар («Охотзоопром «ӨБ» РМҚК);
- 6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ғылыми ұйымдар;
- 7) аңшылық және балық шаруашылығы субъектілері;
- 8) аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары кіреді.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды адамдары (Заңның 6-2-бабы)

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару органдарына және лауазымды адамдарға Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, аумақтық бөлімшелерімен бірге ведомствосын қоса алғанда, уәкілетті орган жатады.

Жануарлар дүниесін пайдалану (Заңның 23-бабы)

Жануарлар дүниесін пайдалану жалпы және арнайы пайдалану тәртібімен жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесінің объектілері Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес пайдалануға беріледі.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін мекендеу ортасынан алып қоя отырып пайдалану жатады.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалануға жануарлар дүниесі объектілерін, сондай-ақ олардың пайдалы қасиеттерін мекендейтін ортасынан алмай пайдалану жатады.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік орман қорының аумағында және ерекше қорғалатын

табиғи аумақтарда пайдалану Қазақстан Республикасының орман заңнамасы мен Қазақстан Республикасының ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласы заңнамасының талаптары ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін пайдалану түрлері.

Қазақстан Республикасының аумағында жануарлар дүниесін пайдаланудың мынадай түрлеріне жол беріледі:

- 1) аң аулау;
- 2) аң аулау мен балық аулау объектілеріне жатпайтын жануарларды шаруашылық мақсаттарда пайдалану;
- 3) жануарларды ғылыми, мәдени-ағартушылық, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалану;
- 4) жануарлардың пайдалы қасиеттері мен тіршілік ету өнімдерін пайдалану;
- 5) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалану жатады.

Жануарлар дүниесін пайдалануға беру (Заңның 26-бабы)

Жануарлар дүниесі арнайы пайдалануға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен берілетін жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсаттар негізінде беріледі.

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану қандай да бір рұқсатсыз жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы (Заңның 28-бабы)

Жануарлар дүниесін жалпы пайдалану ақысыз жүзеге асырылады.

Жануарлар дүниесін арнайы пайдалану Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

Аң аулау ұғымы және түрлері (Заңның 32-бабы)

Аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін мекендейтін ортасынан алуды жүзеге асыру арқылы жануарлар дүниесін арнайы пайдалану түрі.

Жануарлар дүниесі объектілерін аулау мақсатында іздеу, ізін кесу және ізіне түсу, аулауға әрекет жасау, аңшылық алқаптарда қабынан шығарылған аңшылық қаруы және басқа да аң аулау құралдары немесе аң аулаудан алған өнімдері бар, қарғыбауы алынған аң аулайтын иттері мен аушы жыртқыш құстары бар адамдардың жүруі аң аулауға теңестіріледі.

Аң аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) кәсіпшілік аң аулау;
- 2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау болып бөлінеді.

Кәсіпшілік аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін кәсіпкерлік қызмет мақсатында аулау.

Әуесқойлық (спорттық) аң аулау - аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін спорттық, эстетикалық қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында және ауланған өнімді жеке тұтыну үшін аулау.

Ұлттық аң аулау - аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттердің ұлттық тұқымдарын пайдалана отырып, әуесқойлық (спорттық) аң аулау объектісі болып табылатын жануарлар түрлерін аулау.

Егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аң аулау бекітіліп берілген аңшылық алқаптарда жүргізіледі.

Аң аулау құқығы (Заңның 33-бабы)

Жеке тұлғалардың аң аулауға құқығы:

- 1) егер аң аулау атыс қаруы қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;
- 2) егер аң аулау аңшылық ережелерінде рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған;
- 3) аңшылық минимумы бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгісі бар аңшы куәлігі болған және Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген аң аулау құқығына рұқсат беру үшін мемлекеттік баж төленген;
- 4) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсат немесе жолдама алған жағдайда беріледі.

Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шартының және жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алуының, сондай-ақ ішкі істер органдарынан аңшылық атыс қаруын және оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсатының негізінде туындайды.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау (Заңның 49-бабы)

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау жоспардан тыс тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау нысанында жүзеге асырылады.

2. Жоспардан тыс тексеру мен бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының [Кәсіпкерлік кодексіне](#) сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау Қазақстан Республикасының [Кәсіпкерлік кодексіне](#) және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалауды уәкілетті орган, ведомство және оның аумақтық бөлімшелері өздерінің қызметі бойынша әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді.

5. Тексерілетін субъектілер бақылау және қадағалау субъектілері болып табылады.

6. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалаудың мақсаттары бұзушылықтардың дер кезінде жолын кесу және оларға жол бермеу, бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын бақылау және қадағалау субъектілеріне беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту болып табылады.

7. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау бақылау және қадағалау субъектілері ұсынатын есепті, сондай-ақ бақылау және қадағалау субъектісінің қызметі туралы басқа да мәліметтерді талдау арқылы жүргізіледі.

8. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша бақылау және қадағалау субъектісінің әрекеттерінде (әрекетсіздігінде) бұзушылықтар анықталған жағдайда, бұзушылықтар анықталған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде бұзушылықтарды жою туралы ұсыным ресімделеді және жіберіледі.

9. Бұзушылықтарды жою туралы ұсыным бақылау және қадағалау субъектісіне қол қойғызып, жеке өзіне немесе жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

10. Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген бұзушылықтарды жою туралы ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымға алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган, ведомство немесе оның аумақтық бөлімшесі сұрау салған кезде хатта көрсетілген бақылау және қадағалау субъектісінің электрондық мекенжайына жөнелтілген күннен бастап табыс етілді деп есептеледі.

11. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

12. Бақылау және қадағалау субъектісі бұзушылықтарды жою туралы ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға, ведомствоға немесе оның аумақтық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

13. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізудің жартыжылдық тізіміне енгізу арқылы бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау мен қадағалауды тағайындауға алып келеді.

14. Бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау мен қадағалау тоқсанына бір реттен жиілетпей жүргізіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілері (Заңның 50-бабы)

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау объектілері:

1) жануарлар дүниесі және олар мекендейтін орта;

2) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру шарттары;

3) жануарлар дүниесі объектілерін аулау құралдары, әдістері және (немесе) тәсілдері;

4) жануарлар дүниесінің ауланған өнімі;

5) жануарлар дүниесін пайдалану құқығын растайтын құжаттама (аңшы және (немесе) балықшы куәлігі, аңшылық, балық шаруашылықтарын жүргізуге арналған шарттар, аң аулауға арналған шарт, жануарлар дүниесін пайдалануға арналған шарт пен рұқсат, жолдама, кәсіпшілік журнал);

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі қызмет;

7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік құжаттама;

8) жануарлар дүниесіне және олар мекендейтін ортаға әсер ететін қызмет болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар (Заңның 51 -бабы)

1. Уәкілетті орган ведомствосының басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

2. Уәкілетті орган ведомствосы басшысының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен

айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

3. Уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің басшысы лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы болып табылады.

4. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі басшысының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын орынбасарлары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары болып табылады.

5. Уәкілетті орган ведомствосы құрылымдық бөлімшелерінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал уәкілетті орган ведомствосының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын мамандары Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

6. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері құрылымдық бөлімшелерінің жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын басшылары лауазымы бойынша бір мезгілде тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі аға мемлекеттік инспекторлары, ал жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы реттеу, бақылау және қадағалау мәселелерімен айналысатын мамандары тиісті облыстың (бассейннің) жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлары болып табылады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың құқықтары мен міндеттері (Заңның 52-бабы)

1. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың:

1) объектілерге Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының сақталуы тұрғысынан бақылау мақсатында баруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін пайдаланушылардың қызметі туралы ақпарат алуға;

2) осы Заңда берілген өкілеттіктер шегінде актілер шығаруға;

3) тексеру материалдарын құқық қорғау органдарына іс жүргізу шешімін қабылдау үшін беруге;

5) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуы салдарынан келтірілген зиянның көлемін анықтауға және осының негізінде кінәлі тұлғаларға осы зиянды ерікті түрде өтеу туралы талап қоюға не сотқа талап-арыз беруге;

6) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға;

7) аңшылық алқаптардың, балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің аумақтарында және олардың жағалау белдеуінде, сондай-ақ ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда және олардан шыққан кезде көлік және жүзу құралдарын тоқтатуға, оларды жете тексеруге;

7-1) су жинау және ағызу құрылыстарын балықтарды қорғау құрылғыларының бар-жоғына және олардың белгіленген талаптарға сәйкестігіне қарап-тексеруді жүзеге асыруға;

7-2) аңшылық алқаптары мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде, жағалау белдеуінде болған және олардан шыққан кезде адамдардың жануарлар дүниесін пайдалану құқығына арналған құжаттарын тексеруге;

8) жануарлар дүниесі объектілерін аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қоюға;

9) заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілерін және олардың тіршілік ету өнімдерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен алып қоюға;

10) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын сот шешім шығарғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қоюға;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға құқығы бар.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар:

1) аңшылық және балық шаруашылықтарын жүргізу ережелерінің сақталуына;

2) аң аулау және балық аулау ережелерінің сақталуына;

5) жануарлар дүниесін пайдалану үшін белгіленген шектеулер мен тыйым салулардың сақталуына;

6) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі іс-шаралардың орындалуына;

7) жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды, будандастыруды жүзеге асыру тәртібінің сақталуына;

8) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормалар мен нормативтердің сақталуына;

8-1) жеке және заңды тұлғалардың аңшылық және балық шаруашылығын жүргізуге арналған шарт талаптарын орындауына;

8-2) жануарларды еріксіз және (немесе) жартылай ерікті жағдайларда ұстау және өсіру, сондай-ақ зоологиялық коллекцияларды жасау тәртібінің сақталуына;

9) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңдарының өзге де талаптарының орындалуына бақылау жасауға міндетті.

3. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының актілері (Заңның 53-бабы)

1. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасы талаптарының анықталған бұзушылықтарына қарай мемлекеттік бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша ықпал етудің құқықтық шараларын қолдану мақсатында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары мынадай актілер:

1) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама;

1-1) тексеру актісі;

2) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының талаптарын бұзушылықты жою туралы нұсқама;

3) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзған жағдайда кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауаптылыққа тарту туралы қаулы;

4) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін және заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілік ету өнімдерін сот шешімі шығарылғанға дейін уақытша сақтау үшін алып қою туралы хаттама шығарады.

2. Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосы және оның аумақтық бөлімшелері лауазымды адамдарының актілері жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдарын құқықтық және әлеуметтік қорғау (Заңның 54-бабы)

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ведомствосының және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық және әлеуметтік қорғалуға тиіс.

Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау (Заңның 55-бабы)

1. Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау (бұдан әрі - жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелерін қадағалайтын жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлерінен құралады.

2. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғауға өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін:

1) жеке және заңды тұлғалардың аң және (немесе) балық аулау құқығын беретін құжаттарын тексеру;

2) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы [кодексіне](#) сәйкес жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру;

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көлік құралдарын, өзге де объектілер мен орындарды, ал қажет болған кезде - ұсталған адамдардың жеке заттарын жете тексеру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киім (погонсыз) кию және қызметтік қару алып жүру;

7) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды ұстау және құқық қорғау органдарына жеткізу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған атыс қаруын, аулау құралдарының тыйым салынған түрлерін, заңсыз ауланған жануарлар дүниесі объектілері мен олардың тіршілік ету өнімдерін алып қою және олардың одан әрі тиесілі болуы туралы мәселені шешу құқығы беріледі.

3. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау:

1) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы құқық бұзушылықтарды болдырмауға және олардың жолын кесуге;

2) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу фактілері бойынша ақпаратты, талап қою мен өзге де материалдарды уәкілетті және құқық қорғау органдарына, сотқа жіберуге міндетті.

4. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды адамдарына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды сақтауға, алып жүруге және қолдануға рұқсат беріледі.

5. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғаудың лауазымды адамдары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен айырым белгілері бар нысанды киіммен (погонсыз) және қызметтік қарумен қамтамасыз етіледі.

6. Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау қызметі уәкілетті орган бекіткен Жануарлар дүниесін мемлекеттік қорғау туралы ережемен айқындалады.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылау (56-бабы)

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өндірістік бақылау - бекітіп берілген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғау функциясын жүзеге асыратын аңшылық шаруашылығы мен балық шаруашылығы субъектілерінің қорықшылық қызметі.

Қорықшының құқығы:

1) кейіннен уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне міндетті түрде

беру үшін Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасауға;

2) қызметтік қаруды алып жүруге және айырым белгілері бар арнаулы киім киюге;

3) жеке және заңды тұлғалардың аң аулауға және балық аулауға құқық беретін құжаттарын тексеруге;

4) аң аулау қағидаларын бұзғаны үшін атыс қаруын кейіннен ішкі істер органдарына міндетті түрде беру үшін алып қоюға;

5) Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұза отырып пайдаланылған аулау құралдарын, заңсыз аулап алынған аң аулау және балық аулау өнімдерін, тыйым салынған аулауға арналған қару түрлерін кейіннен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторға беру үшін алып қоюға құқығы бар.

Қорықшы міндеті:

1) бекітіліп берілген аңшылық алқаптарында және балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде жануарлар дүниесін қорғауды қамтамасыз ету;

2) аң аулау және балық аулау қағидаларын, аңшылық шаруашылығының ішкі регламентін, өрт қауіпсіздігі қағидаларын, сондай-ақ тыныштық аймақтарында жануарлар дүниесін пайдалануға қойылған шектеулер мен тыйым салуларды бұзушылықтардың жолын кесу;

3) жеке және заңды тұлғалардан жануарлардың қырылуына және олар мекендеу ортасының бұзылуына әкеп соқтыратын әрекеттерді тоқтатуды талап ету;

4) жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын, олардың көбею жағдайларын және шоғырлану орындарын сақтау жөнінде шаралар қолдану;

5) жануарлар дүниесіне ұқыпты және ізгілікті қарау насихатын жүргізу;

6) жануарлар ауырған және дүлей зілзала кезінде қырылу қаупі төнген жағдайларда жануарлар дүниесі объектілеріне көмек көрсету жөнінде шаралар қолдану;

7) аншлаптардың сақталуын қамтамасыз ету.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылау (57-бабы)

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы қоғамдық бақылауды Қазақстан Республикасы заңдарына сәйкес қоғамдық бірлестіктер жүзеге асырады.

2-бөлім.

Аң аулау мақсатында жануарлар түрлерін алып қою бөлігінде жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы нормативтік - құқықтық актілер.

Аң аулау ережесі

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а.
2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/157 бұйрығымен бекітілген)

Аң аулау мынадай түрлерге бөлінеді:

- 1) кәсіпшілік аң аулау;
- 2) әуесқойлық (спорттық) аң аулау, оның ішінде ұлттық аң аулау.

Заңның 33-бабына сәйкес жеке тұлғалардың аң аулау құқығына келесі жағдайда:

1) егер аң аулау атыс қаруын қолданыла отырып жүргізілетін болса, он сегіз жасқа толған;

2) егер аң аулау осы Қағидаларда рұқсат етілген басқа да аңшылық құралдарының түрлері, аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстар қолданыла отырып жүргізілетін болса, он төрт жасқа толған;

3) «Аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерінің нысанын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16463 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша аңшы куәлігі (бұдан әрі – аңшы куәлігі) болған;

4) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар беру қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10168 болып тіркелген) 1-қосымшада көзделген нысан бойынша жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат (бұдан әрі - жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат) немесе «Жолдаманың үлгілік нысанын, сондай-ақ оны беру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/145 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10702 болып тіркелген) 1-қосымшада көзделген нысан бойынша аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасын алған жағдайда жеке тұлғалар ие болады.

Шетелдіктер үшін Қазақстан Республикасының аумағында аң аулау құқығы аңшылық шаруашылығы субъектісімен жасасқан аң аулауды ұйымдастыру шарты, жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат, жолдама алу, сондай-ақ ішкі істер органдары аңшылық атыс қаруы мен оның патрондарын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге берген қорытынды негізінде туындайды.

Кәсіпшілік аң аулауда аңшыда келесі құжаттар:

- 1) аңшы куәлігі;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат немесе аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы;
- 3) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – жеке тұлғаларға азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге рұқсат;

4) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/144 бұйрығымен бекітілген аңшылықта пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10651 болып тіркелген) 2-қосымшада көзделген нысан бойынша аушы жыртқыш құстың паспорты (бұдан әрі – аушы жыртқыш құстың паспорты);

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен жануарлар дүниесін пайдалануға жасалған келісім шарт;

6) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауланған жануарларды есепке алу журналы (кәсіпшілік журналы) болған кезде жүзеге асырылады.

Ұжымдық (топтық) кәсіпшілік аң аулау кезінде аңшылық шаруашылығының субъектісі жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатты пайдалану үшін жауапты адамды тағайындайды.

Әуесқойлық (спорттық) аң аулауда аңшыда мынадай құжаттар:

- 1) аңшы куәлігі;
- 2) жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат;
- 3) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамалары;
- 4) аңшылық атыс қаруын қолданып аң аулаған кезде – азаматтық қару мен оның патрондарын сақтауға, сақтау мен алып жүруге жеке тұлғаларға берілген рұқсат;
- 5) аушы жыртқыш құстармен аң аулаған кезде – аушы жыртқыш құстың паспорты болған

кезде жүзеге асырылады.

Тұяқты жануарлар мен аюды ұжымдық (топтық), әуесқойлық (спорттық) мақсатта аулау кезінде жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттаманы пайдалануға жауапты аңшының деректері оның бет жағына, ал қалған қатысушылардың деректері олардың аңшы куәліктерінің нөмірлері көрсетіліп, аңшылық субъектісінің жолдамасында белгіленеді.

Көктемгі аң аулауды жүргізу кезінде аңшылық шаруашылығында ұя салатын үйректердің аталығын, жыныстық жағынан өзгеруі анық байқалатын үйректердің көп аталық түрлерін олжалауға аңшылық шаруашылығында алдамшы үйрек немесе тұлыптар болған жағдайда жол беріледі.

Тұяқты жануарларды, қоңыр аюды, ал көктемгі аң аулауда аталық үйректерді, саңырау құр, құр және жылқышы аталықтарын олжалау тиісті аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшысының қатысуымен, ал резервтік қордың алқаптарында жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың қатысуымен жүргізіледі.

Тұяқты жануарларды, қоңыр аюды, ал көктемгі аң аулауда аталық үйректерді, саңырау құр, құр және жылқышы аталықтарын олжалау туралы белгіні осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген тұлғалар, жануарлардың басқа түрлерін тікелей атып алғаннан кейін - күн сайын аң аулау аяқталғаннан кейін не келесі аң аулау орнына ауысқан кезде сол күні қорықшы немесе ол болмаған кезде аңшының өзі жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсатында, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде – кәсіпшілік журналына жасайды.

Шибөрілерді, қарғаларды, сауысқандарды, тағандарды, қаңғыбас иттерді аулау:

1) жануарлар дүниесін қорғауды жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган ведомствосының (бұдан әрі – ведомство) және оның мамандандырылған ұйымдарының лауазымды адамдары, сондай-ақ аңшылық шаруашылығы субъектісінің қорықшылық қызметі қызметтік қаруды пайдалана және авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолдана отырып жүзеге асырған;

2) жануарлардың басқа түрлерін аулау (авиа-, автомото-, көлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы қолданбай) аң аулауға берілген жануарлар дүниесін пайдалану рұқсаты қолданылатын аңшылық шаруашылығы субъектісінің аумағында жүргізілген кезде жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсат талап етілмейді.

Аң аулау:

- 1) ойық ұңғылы атыс қаруын (құстардан басқа);

2) тегіс ұңғылы, оның ішінде ойық бөлігінің ұзындығы 140 мм аспайтын атыс қаруын;
3) аралас (ойық және тегіс ұңғылы), оның ішінде алмалы-салмалы және жиналмалы ойық ұңғылы атыс қаруын;

4) өзі аулайтын құралдарды (қапқандарды, тұзақтарды, салмақты қысқышты, қаусырманы);

5) аңшылық иттер мен аушы жыртқыш құстарды қолдана отырып, жүргізіледі.

Аңшылық иттерді жолдаманың қолданылу аумағынан тыс жерде іздеу және шақыру кезінде аңшы оғы алынған және қапталған аңшылық атыс қарумен болады.

Жолдаманың қолданылу аймағынан тыс жерде жараланған тұяқты жануарлардың, аю мен қасқырлардың ізіне түсу және оларды жинап алу аңшылық алқаптарында жараланған жануар бар аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасының келісімімен жүзеге асырылады.

Аң аулау аяқталғаннан кейін, аң аулау аралығындағы үзілістерде, бір жерден екінші жерге көшкен кезде, аңшы аңшылық атыс қаруын оғы алынған күйге келтіріледі.

Мылтық қарудың оқ ұясында және оқшантайында оқ болмаған кезде оғы алынып тасталған болып есептеледі.

Ен салынған (сақина, микрочип салынған) құстарды немесе сүтқоректілерді олжалау кезінде олжалаудың күні мен орны көрсетілген ақпарат, сақина, микрочип және басқа да белгілер кейіннен ғылым мен ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органға беру үшін аңшылық шаруашылығы субъектісінің уәкілетті тұлғасына немесе Ведомствоның аумақтық бөлімшесіне беріледі.

Заңның 38-бабының 5-тармағына сәйкес мына жағдайларда:

1) аңшы куәлігінсіз;

2) атыс қаруын сақтау мен пайдалану құқығын беретін ішкі істер органдары рұқсатынсыз атыс қаруын қолданып;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен тіркеуден өткізілмеген аушы жыртқыш құстарды қолданып;

4) қолданылуы осы қағидаларда көзделмеген аулау құралдарын пайдаланып;

5) аңшылық шаруашылығы субъектісімен шарт жасаспай кәсіпшілік мақсатта;

6) егер уәкілетті орган өзгеше белгілемесе, аңшылық алқаптардың резервтік қорында;

7) елді мекендердің жерлерінде, сондай-ақ олармен іргелес аумақтарда олардың айналасындағы үш шақырым радиуста тегіс ұңғылы және ойық ұңғылы аңшылық қаруды қолдана отырып, аңшылық жүргізілмейді;

8) уәкілетті органның рұқсатынсыз өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жерлерінде;

9) күйзелісті және дәрменсіз жағдайдағы жануарларды (дауылдан, су тасқынынан, өрттен бас сауғалағандарды, су тоғандарынан өту кезінде, көктайғақ кезінде, аштықтан әлсірегендерді, жусанды паналаған суда жүзетін құстарды);

10) қозғағышын іске қосып, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, қарда жүретін техниканы (қасқыр аулауды қоспағанда), шағын көлемді кемелерді, түнде көру құралдарын, лазерлік нысана көрсеткіштерін, жарық беру және дыбыс шығару құралдарын қолдана отырып, әуесқойлық (спорттық) мақсатта;

11) алкогольден немесе есірткіден масаң болу немесе өзге түрде улану жағдайларында;

12) егін орағы аяқталғанға дейін ауыл шаруашылығы дақылдары егілген жерлерде;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен табиғатты пайдаланудың жекелеген түрлеріне жол берілетін аумақты қоспағанда, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда;

14) өзен құндызына, кәмшатқа, күзенге, ондатраға атыс қаруын қолданып;

15) аңшылық иттерді құтқару үшін індерді қазуды қоспағанда, жануарлардың тұрағын бұзып және зақымдап;

16) өзен құндызы тұрғызған бөгетті бұзып;

17) пневматикалық, лақтыратын қаруды қолданып (жануарлар дүниесі объектілерін қозғалтпауға және егуге байланысты ғылыми-зерттеу және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін садақтар мен арбалеттерді пайдаланудан басқа);

18) сауыт бұзатын, өртегіш немесе жарғыш қуаты, ауыртпалық орталығы ауыстырылған оқтары бар патрондарды қолданып;

19) тегіс ұңғылы аңшылық мылтығына қолдан жасалған ойық жиналмалы (қосалқыларды) ұңғыны қолданып;

20) бос жерлерді, су бетіндегі өсімдіктерді жағумен, басқа да өсімдіктерді түбірімен қопарып және жойып;

21) өздігінен атылатын қаруларды, қысқыштарды, қаусырмаларды, қапсырмаларды, кескіштерді қолданып; тұзақтар құрып, аулау орларын қазып; адам байқамайтын айқындаушы белгілерінсіз ірі қақпандарды, шатырларды, бастырмаларды, ілмектерді, найзаларды, құс желімін орнату жолымен, түтін салып, жылтыр мұзға, қатқыл мұзға, терең қарға және топырағы жабысқақ сортаңға, шабылған қамысқа айдап шығарып, қоңыр аюды, тұяқты жануарларды және құстарды аулау кезінде қақпанды қолданып, қоршауға алып, тағамен аулап;

22) торларды қолданып; су құю арқылы іннен шығарып (уәкілетті органмен келісім бойынша жануарларды интродукциялау, реинтродукциялау, будандастыру немесе еріксіз ұстау үшін оларды аулауды қоспағанда);

23) жарылғыш құрылғыларды, химиялық және улы заттарды қолданып, уәкілетті органмен немесе оның аумақтық бөлімшесімен келісім бойынша тышқан тектес кеміргіштерді (саршұнақтарды, сұр егеуқұйрықтарды, аламандарды) жойған кезде, сондай-ақ жануарлардың құтыру эпизоотиясы және басқа аурулары жағдайында улы химикаттарды қолдануды қоспағанда;

24) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілген жануарлар санынан асырып;

25) жануарлар дүниесін пайдалануға арналған рұқсатта немесе жолдамада көрсетілмеген жануарлардың басқа түрлерін;

26) аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасынсыз;

27) аулап алу объектісі болып табылатын жануарлар түрлеріне, басқа елдерден әкелінген жыртқыш қыран құстарды пайдалана отырып;

28) еркекүйрекке көктемгі аң аулау кезінде еліктіруші үйрексіз немесе тұлыпсыз;

29) тұяқты жануарларды және қоңыр аюды аулау кезінде қорықшының немесе жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі мемлекеттік инспектордың еріп жүруінсіз;

30) әуесқойлық (спорттық) мақсатта суырға калибрі бес бүтін оннан алты миллиметрлік бүйірден (сақиналы) тұтандырғыш патронды ойықты қару қолданып;

31) тыныштық сақтау аймақтарында және өсімін молайту учаскелерінде аң аулауға тыйым салынады.

Жануарлардың популяцияларын сақтау, олардың өсімін молайтуға қолайлы жағдайларды қамтамасыз ету және шаруашылық пайда табу мақсатында Қазақстан Республикасында осы Қағидаларға [11-қосымшаға](#) сәйкес аң аулауды жүргізу мерзімдері (бұдан әрі – аң аулауды жүргізу мерзімдері) белгіленеді.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері аң аулауды ашу туралы және оны осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген аң аулауды жүргізудің белгіленген мерзімдерінен күнтізбелік 15 күнге дейін неғұрлым ерте немесе неғұрлым кеш мерзімге ауыстыру туралы шешім қабылдайды.

Аң аулауды жүргізу мерзімдері

Жануарлардың түрлері	Аң аулау мерзімдері
Су тышқан (ондатра)	1 қазан - 15 ақпан

Кәдімгі тиін	20 қазан - 15 ақпан
Жанат тектес ит, қарсақ, түлкі, бұлғын, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, сары күзен, сасық күзен, американ су күзені, кәмшат (ортаазиялықтан басқасы), сілеусін (түркістандықтан басқасы), жанат, қоян (құм қоян, ақ қоян, ор қоян)	1 қараша - 15 ақпан (аң аулайтын ит түрлерімен және аушы жыртқыш құстармен қарсақ, түлкі және қоян аулау солтүстік аймақта** 15 қазаннан бастап аулау)
Зорман (сары тышқан)	ұйқыдан шыққаннан бастап - 30 сәуірге дейін
Суырлар*	15 маусымнан бастап ұйқыға жатқанға дейін
Шалшықшылар, жылқышы	1 шілдеден бастап 30 қарашаға дейін (аталық жылқышыны көктемгі аулауға 1 наурыз - 30 сәуір кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Бөдене, кептер, түркептер	20 тамыздан бастап 30 қарашаға дейін (аң аулайтын иттермен және қыран құстармен 15 шілдеден бастап ұшып кеткенге дейін бөдене аулау)
Маймаққаз, қаз*, қарашақаз, үйрек*, қасқалдақ	қыркүйектің алғашқы сенбісінен бастап 30 қарашаға солтүстік өңірлер бойынша**, 15 желтоқсанға дейін оңтүстік өңірлер бойынша*** (аталық үйректерді көктемгі аулауға 1 наурыз - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі)
Шіл (аққұр, тундралық, сұр, дала шілі, сақалды шіл), шіл	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 15 қарашаға дейін (аулайтын иттермен және аушы құстармен 15 тамыздан бастап)
Құр	қыркүйек айының алғашқы сенбісінен 30 қарашаға дейін аталық құрларды көктемгі аулауға 1 наурыз - 5 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Қоңыр аю (тянь-шань аюынан басқа)	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 30 қараша аталықтары мен қысыр қалған аналықтарын көктемгі аулауға 15 сәуір - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі
Борсық	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 31 желтоқсан
Марал, аскания бұғысы, қабан, құдыр, бұлан	қыркүйектің алғашқы сенбісінен - 31 желтоқсанға дейін
Сібір елігі	20 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін (аталығына 1 тамыздан бастап)
Сібір тау ешкісі	1 қыркүйектен бастап 31 желтоқсанға дейін (аталығына 1 тамыздан бастап)
Саңырау құр	1 қазаннан бастап - 30 қарашаға дейін аталықтарын көктемгі аулауға 1 наурыз - 15 мамыр кезеңінде 15 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге рұқсат етіледі

Гималай ұлары, кекілік	1 қазаннан бастап - 15 желтоқсанға дейін
Құндыз	15 қазаннан бастап - 31 желтоқсанға дейін
Қырғауыл	15 қазаннан бастап - 31 желтоқсанға дейін (аң аулайтын иттермен және аушы құстармен 1 қазаннан бастап)

Ескертпе:

* - Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа.

** - Солтүстік аймақ: Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары,

Қарағанды облысының Осакаровка, Бұқар жырау, Нұра, Қарқаралы, Абай аудандары, Шығыс Қазақстан облысының

Күршім, Көкпекті, Катонқарағай, Жарма, Ұлан, Абай, Зырян, Глубокое, Шемонаиха, Бородулиха, Бесқарағай аудандары,

сондай-ақ Семей және Риддер қалаларының әкімшіліктеріне бағыныстағы жерлері.

*** - Оңтүстік аймақ: Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстары, Қарағанды облысының

Жаңаарқа, Шет, Ақтоғай, Ұлытау аудандары, Шығыс Қазақстан облысының Аягөз, Тарбағатай, Зайсан, Үржар аудандары.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 18-04/675 бұйрығымен бекітілген)

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру ережесіне (бұдан әрі – Ереже) сәйкес жануарлар дүниесін арнайы пайдаланудың мынадай түрлеріне беріледі:

- 1) аң аулау;
- 2) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік, эстетикалық мақсатында пайдалануға;
- 3) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға беріледі.

Рұқсаттар бекітілген лимиттерге сәйкес және белгіленген алып қою квоталары шегінде беріледі.

Осы Қағидалардың мақсаттары үшін жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган деп Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - уәкілетті орган).

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы ведомство деп Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті (бұдан әрі – ведомство) түсініледі.

Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсаттар (бұдан әрі-рұқсаттар) Ережеге сәйкес бекітілген нысандар бойынша беріледі.

Рұқсат берудің шарттары мен тәртібі.

Екі және одан көп облыстың аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттемелік аулауды қоспағанда, рұқсаттарды жануарларды алудың белгіленген лимиттері мен квоталары шегінде жергілікті атқарушы органдар береді.

Өтінім жануарлар дүниесін пайдалану түріне байланысты «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша беріледі.

Өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем туралы төлем құжаты;
- 2) аң аулауды қоспағанда, жануарлар дүниесі объектілерін алуға қатысушы адамдардың өтініш беруші қол қойған тізімі.

Жануарлар дүниесін пайдалану түріне байланысты осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа, өтінімге мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) аң аулауға (алғашқы жүгіну кезінде);
- 2) мәліметтер нысаны түріндегі аңшылық шаруашылығын жүргізуге арналған келісім шарт;
- 3) жануарлар дүниесі объектілерін алып қою шетелдіктердің қатысуымен жүргізілген жағдайда-аңшылық шаруашылығы субъектісінің шетелдіктермен аң аулауды ұйымдастыруға арналған шартының көшірмесі;
- 4) жануарларды ғылыми, мәдени-ағарту, тәрбиелік және эстетикалық мақсаттарда пайдалануға;
- 5) бейінді ғылыми ұйымның Ғылыми кеңесі бекіткен ғылыми-тақырыптық жоспардан үзіндінің және ғылыми-зерттеу жұмыстары бағдарламасының көшірмелері;
- 6) жануарлар дүниесі объектілерін алып қоюды негіздейтін материалдар (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме);
- 7) жануарлар түрлерін өсімін молайту мақсатында пайдалануға: жануарлар дүниесі объектілерін алуды негіздейтін материалдар (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар биологиялық негіздеме).

Өтініш беруші рұқсатты қағаз жеткізгіште алу үшін жүгінген кезде рұқсат электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және жергілікті атқарушы органның немесе ведомствоның мөрімен және жергілікті атқарушы орган немесе ведомство басшысының қолымен расталады.

Ведомство немесе жергілікті атқарушы органдар өтінімді және оған қоса берілетін құжаттарды қарайды және өтінім тіркелген сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде рұқсаттар беруді жүргізеді не "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабының 1-2-тармағында көзделген жағдайларда дәлелді жазбаша бас тарту жібереді.

Ведомство немесе жергілікті атқарушы органдар өтініш берушінің рұқсат беруге құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Өтініш беруші құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда ведомство немесе жергілікті атқарушы органдар көрсетілген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді жазбаша бас тартуды жібереді.

Қағаз түріндегі рұқсаттар өтініш берушіге немесе өтініш берушінің сенімхаты бойынша басқа тұлғаға осы Ережеге 7-қосымшаға сәйкес жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беруді есепке алу журналына қол қойғызып беріледі.

Өтініш Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда берілген жағдайда ведомство немесе жергілікті атқарушы орган өтінішті тіркеуді бір жұмыс күні ішінде жүргізеді (егер өтініш сағат 18-ден кейін немесе сенбі күні қабылданса, онда өтініш беруші үшін мерзімді есептеу келесі жұмыс күні басталады).

Рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде өтініш беруші осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес рұқсат берген органға жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаттарды есепке алу бойынша есеп береді.

Ведомствоның немесе жергілікті атқарушы органдардың рұқсаттар беруден бас тарту туралы шешімдеріне Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жоғары тұрған уәкілетті органға немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Егер ведомство немесе жергілікті атқарушы орган осы Ережеге сәйкес айқындалатын мерзімде өтініш берушіге рұқсат бермеген не оны беруден дәлелді бас тартуды ұсынбаған жағдайда, онда оларды беру мерзімі өткен күннен бастап рұқсат берілді деп есептеледі және бір мезгілде ведомство немесе жергілікті атқарушы орган Рұқсаттар және хабарламалар саласындағы заңнамаға сәйкес Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізіліміне енгізеді.

**Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)
Қазақстан Республикасының Кодексі 2017 жылғы 25 желтоқсандағы № 120-VI ҚРЗ**

5-Параграф. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем

580-бап. Жалпы ережелер

1. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем (бұдан әрі осы параграфтың мақсатында- төлем) жануарлар дүниесін арнайы пайдалану тәртібімен жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін алынады.

2. Жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін пайдаланғаны үшін төлемақыны әрбір жекелеген жағдайда Қазақстан Республикасының Үкіметі осы жануарларды табиғи ортадан алып қоюға рұқсат берген кезде белгілейді.

3. Төлемақы келесі жағдайда алынбайды:

1) жануарларды табиғи ортадан ғылыми-зерттеу және шаруашылық мақсаттарында ен салу, сақина салу, қоныс аударту, қолдан өсіру және шағылыстыру мақсаттары үшін алып қойып, кейіннен табиғи ортаға жіберген кезде;

2) жеке және заңды тұлғалардың меншігі болып табылатын, жасанды жолмен өсірілген әрі қамауда және (немесе) жартылай қамауда ұсталатын жануарлар дүниесінің объектілерін пайдаланған кезде;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган балық ресурстарын және су жануарларының басқа да түрлерін пайдалануға арналған биологиялық негіздеу мақсатында балықтар мен басқа да су жануарларын бақылау үшін аулауды жүзеге асырған кезде;

4) халық денсаулығын қорғау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан қорғау, қоршаған ортаға зиянды болғызбау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай залал келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс жануарлар түрлерін алған кезде төлемақы алынбайды.

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган мен жергілікті атқарушы органдар өзінің орналасқан жеріндегі салық органдарына уәкілетті орган белгілеген нысан бойынша төлемақы төлеушілер мен салық салу объектілері туралы мәліметтерді тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей ұсынады.

581-бап. Төлемақы төлеушілер

Қазақстан Республикасының заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен жануарлар дүниесін арнайы пайдалану құқығын алған жеке және заңды тұлғалар төлемақы төлеушілер болып табылады.

582-бап. Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Төлемақы мөлшерлемелері республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлемақыны төлеу күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі осы баптың мәтіні бойынша - АЕК) мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

2. Қазақстан Республикасында кәсіпшілік, әуесқойлық және спорттық аң аулауды жүргізу кезіндегі төлемақы мөлшерлемелері мынаны құрайды:

p/c №	Жабайы жануарлардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемесі, бір жеке түрі үшін (АЕК)	
		кәсіпшілік аң аулау	әуесқойлық және спорттық аң аулау
1	2	3	4

1.	Сүтқоректілер:		
1.1.	бұлан (еркегі)	-	16
1.2.	бұлан (ұрғашысы)	-	11
1.3.	бұлан (бір жасар төлі)	-	6
1.4.	марал (еркегі)	-	13
1.5.	марал (ұрғашы)	-	7
1.6.	марал (бір жасар төлі)	-	4
1.7.	аскания бұғысы (еркегі)	-	9
1.8.	аскания бұғысы (ұрғашысы)	-	5
1.9.	аскания бұғысы (бір жасар төлі)	-	3,5
1.10.	елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, еркегі)		4
1.11.	елік (таралу аймағының солтүстік бөлігі, ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	3
1.12.	елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, еркегі)	-	3
1.13.	елік (таралу аймағының оңтүстік бөлігі, ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	2
1.14.	сібір тау ешкісі (еркегі)	-	4
1.15.	сібір тау ешкісі (ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	3,5
1.16.	құдыр	-	2
1.17.	қабан (еркегі)	-	4
1.18.	қабан (ұрғашысы, бір жасар төлі)	-	3
1.19.	киік (еркегі)	4	5
1.20.	киік (ұрғашысы, бір жасар төлі)	3	4
1.21.	қоңыр аю (Тянь-Шань аюынан басқа)	-	14
1.22.	өзен құндызы, кәмшат (орта азиялықтан басқа)	1	2
1.23.	бұлғын	2	4
1.24.	суырлар (Мензбира суырынан басқа)	0,060	0,12
1.25.	ондатр	0,045	0,9
1.26.	борсық, түлкі	0,10	0,20
1.27.	қарсақ	0,045	0,10
1.28.	америкалық су күзені	0,12	0,25
1.29.	сілеусін (Түркістан сілеусінінен басқа)	-	0,45
1.30.	қояндар (құмқоян, орқоян, ақ қоян)	0,010	0,045
1.31.	жанат тектес ит, шайқағыш жанат, құну, сарғыш күзен, ақ қалақ, ақкіс, сары күзен, сасық күзен, кәдімгі тиін	0,020	0,35
1.32.	саршұнақ (құм саршұнағы)	0,015	0,025
1.33.	қасқыр	0	0
1.34.	шибөрі	0	0
2.	Құстар		
2.1.	маймақ қаз (қызыл жемсаулы, қара жемсаулы)	0,015	0,030
2.2.	саңырау құр	-	0,15
2.3.	құр	-	0,055
2.4.	Гималай ұлары	-	0,20

2.5.	қырғауыл	0,020	0,060
2.6.	қаздар* (сұр қаз, ақмандайлы қаз, қырманқаз), қарашақаз	0,020	0,045
2.7.	үйректер* (отүйрек, сарыалақаз, барылдауық, ысылдақ шүрегей, қырылдақ шүрегей, боз үйрек, сары айдар үйрек, қылқұйрық, даурықпа шүрегей, жалпақ тұмсық, қызылтұмсық сүңгуір, қызылбас сүңгуір, айдарлы сүңгуір, айдарсыз теңіз сүңгуірі, ұшқыр үйрек, сусылдақ, айдарлы үйрек, қара тұрпан, кіші бейнарық, секпілтөс бейнарық, үлкен бейнарық)	0,010	0,020
2.8.	қасқалдақ, қызғыш, шілдер (аққұр, тундра шілі, дала шілі, сұр шіл, сақалды шіл), кекілік, сұр құр, кептерлер (дыркептер, түзкептер, көк кептер, күз кептер), түркептер (кәдімгі түркептер, үлкен түркептер), шалшықшылар (күжіркей, шаушалшық, тауқұдірет, орман маңқысы, азия тауқұдіреті, тау маңқысы, маңқы, жылқышы, үлкен шалшықшы, орташа шалшықшы, үлкен шырғалақ, кіші шырғалақ)	0,005	0,010
2.9.	бөдене	0,005	0,010

Ескерту. * Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерден басқа.

583-бап. Есептеу және төлеу тәртібі

1. Төлеушілер төлемақы сомасын белгіленген мөлшерлемелерді және жануарлардың санын немесе салмағын (су жануарларының жекелеген түрлері үшін) негізге ала отырып есептейді.

Қазақстан Республикасында аң аулауды жүргізу кезінде шетелдіктер үшін төлемақы сомасын есептеу кезінде белгіленген мөлшерлемелерге 10-ға тең коэффициент қолданылады.

2. Төлемақы сомасы жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат алған жер бойынша бюджетке төленеді. Төлеу рұқсат алғанға дейін екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы аудару жолымен жүргізіледі.

Жануарлар дүниесінің санаттары

(«Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы»
Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы)

Жануарлар дүниесі мақсатты пайдалану жағынан мынадай санаттарға бөлінеді:

- 1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері;
- 2) жануарлардың аң аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 3) жануарлардың балық аулау объектілері болып табылатын түрлері;
- 4) жануарлардың өзге де шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын түрлері (аң аулау мен балық аулаудан басқа);
- 5) жануарлардың шаруашылық мақсаттарда пайдаланылмайтын, бірақ экологиялық, мәдени және өзге де құндылығы бар түрлері;
- 6) жануарлардың халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылығы және басқа да үй жануарларын аурудан алдын ала қорғау, қоршаған ортаға зиян келтірілуін болдырмау, ауыл шаруашылығы қызметіне айтарлықтай зиян келтіру қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге тиіс түрлері.

Жануарлар түрлерін санаттарға жатқызу және оларды бір санаттан басқасына ауыстыру жануарлар дүниесінің түрлік саналуандығын сақтау, оларды қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану мақсатында биологиялық негіздеме негізінде ведомстваралық зоологиялық комиссияның ұсынымы бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 7 шілдедегі Заңының 7-бабы 4) тармақшасына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының Қызыл кітабын жүргізу тәртібін айқындайды.

Ережелер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 маусымдағы № 734 қаулысымен бекітілген.

Қазақстан Республикасының Қызыл кітабы (бұдан әрі – Қызыл кітап) Қазақстан Республикасының аумағындағы өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің жай-күйі туралы мәліметтер жиынтығы, оларды зерттеу, қорғау, өсімін молайту және орнықты пайдалану жөніндегі қажетті шараларды қамтитын, сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген өсімдіктер мен жануарлар түрлері тізбелерінің түрлі-түсті суреттермен безендірілген басылымы болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының құрлықтағы қайраңында және айырықша экономикалық аймағында құрлықта, суда, атмосферада және топырақта тұрақты немесе уақытша табиғи еркіндік жағдайында мекендейтін өсімдіктер (сабақты және аласа) мен жануарлардың (омыртқалы және омыртқасыз) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері (қосымша түрлері, таралымдары) (бұдан әрі – өсімдіктер мен жануарлар түрлері (қосымша түрлері, таралымдары) осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен Қызыл кітапқа енгізіледі.

Саны және орнықты өмір сүру жағдайлары олардың өсімін молайтуға және табиғи еркіндік жағдайында тектік қорын сақтауға қатер төндірмейтін шекке дейін қалпына келтірілген өсімдіктер мен жануарлардың түрлері (қосымша түрлері, таралымдары) Қызыл кітаптан алып тастауға жатады.

Қызыл кітап он жылда бір рет кезеңділікпен қайта басылады.

Қызыл кітапқа енгізілген өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің түрлі-түсті суреттері берілген тізбелері ресми жарияланады, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Республикада Қызыл кітап (Омыртқалы) 2010 жылы тираждалған.

Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесі

(Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 Қаулысымен бекітілген)

Атауы		/		Наименование
№ п/п	Қазақ тілінде На казахском языке	Латын тілінде На латинском языке	Орыс тілінде На русском языке	
1	2	3	4	
Жануарлар: Түр тармағы – Омыртқалылар: Animals: Vertebrates: Cyclostomata Животные: Подтип – Позвоночные:				
Құстар класы:		Aves:	Класс - Птицы	
32	Қызғылт бірқазан	Pelecanus onocrotalus	Розовый пеликан	

33	Бұйра бірқазан	<i>Pelecanus crispus</i>	Кудрявый пеликан
34	Сарықұтан	<i>Ardeola ralloides</i>	Желтая цапля
35	Кішкене аққұтан	<i>Egretta garzetta</i>	Малая белая цапля
36	Жалбағай, қалбағай	<i>Platalea leucorodia</i>	Колпица
37	Қарабай	<i>Plegadis falcinellus</i>	Каравайка
38	Түркістан ақ дегелегі	<i>Ciconia ciconia asiatica</i>	Туркестанский белый аист
39	Қара дегелек	<i>Ciconia nigra</i>	Черный аист
40	Қоқиқаз	<i>Phoenicopterus roseus</i>	Фламинго
41	Шықылдақ қаз	<i>Anser erythropus</i>	Гусь пискулька
42	Қутұмсық қаз	<i>Cygnopsis cygnoides</i>	Гусь-сухонос
43	Қызылжемсаулы қарашақаз	<i>Rufibrenta ruficollis</i>	Краснозобая казарка
44	Сұңқылдақ аққу	<i>Cygnus cygnus</i>	Лебедь-кликун
45	Кіші аққу	<i>Cygnus bewickii</i>	Малый лебедь
46	Мәрмәр шүрегей	<i>Anas angustirostris</i>	Мраморный чирок
47	Алакөз қаралауырек	<i>Aythya nyroca</i>	Белоглазая чернеть
48	Дентұмсық тұрпан	<i>Melanitta deglandi</i>	Горбоносый турпан
49	Қара тұрпан	<i>Melanitta fusca</i>	Черный турпан
50	Ақбас үйрек	<i>Oxyura leucocephala</i>	Савка
51	Балықшы түйғын	<i>Pandion haliaetus</i>	Скопа
52	Жыланшы қыран, бүркіт	<i>Circaetus gallicus</i>	Змеяд
53	Бақалтақ қыран	<i>Aquila pennatus</i>	Орел-карлик
54	Дала қыраны	<i>Aquila rapax</i>	Степной орел
55	Қаракұс	<i>Aquila heliaca</i>	Могильник
56	Бүркіт	<i>Aquila chrysaetus</i>	Беркут
57	Ақиық субүркіт	<i>Haliaeetus leucoryphus</i>	Орлан-долгохвост
58	Аққұйрықты субүркіт	<i>Haliaeetus albicilla</i>	Орлан-белохвост
59	Сақалтай, қозықұмай	<i>Gypaetus barbatus</i>	Бородач
60	Жұртшы	<i>Neophron percnopterus</i>	Стервятник
61	Құмай	<i>Gyps himalayensis</i>	Кумай
62	Ақсұңқар	<i>Falco rusticolus</i>	Кречет
63	Ителгі	<i>Falco cherrug</i>	Балобан
64	Бидайық	<i>Falco pelegrinoides</i>	Шахин
65	Лашын	<i>Falco peregrinus</i>	Сапсан
66	Алтай ұлары	<i>Tetraogallus altaicus</i>	Алтайский улар
67	Ақтырна	<i>Grus leucogeranus</i>	Стерх
68	Тазтырна	<i>Grus grus</i>	Серый журавль
69	Ақбас тырна	<i>Anthropoides virgo</i>	Журавль-красавка
70	Көңмаңдай	<i>Porphyrio porphyrio</i>	Султанка
71	Дуадақ	<i>Otis tarda</i>	Дрофа
72	Безгелдек	<i>Otis tetrix</i>	Стрепет
73	Жек дуадақ	<i>Chlamydotis undulata</i>	Джек
74	Тарғақ	<i>Chettusia gregaria</i>	Кречетка
75	Орақтұмсық	<i>Ibidorhyncha struthersii</i>	Серпоклюв
76	Кіші шалшықшы құс	<i>Numenius minutus</i>	Кроншнеп-малютка
77	Сүйір түмсықты шалшықшы құс	<i>Numenius tenuirostris</i>	Тонкоклювый кроншнеп
78	Азиялық тарбаң шырғалақ	<i>Limnodromus semipalmatus</i>	Азиатский бекасовидный веретенник
79	Қарабас өгіз шағала	<i>Larus ichthyaetus</i>	Черноголовый хохотун

80	Қарамойнақ шағала	<i>Larus relictus</i>	Реликтовая чайка
81	Қарабауыр бұлдырық	<i>Pterocles orientalis</i>	Чернобрюхий рябок
82	Ақбауыр бұлдырық	<i>Pterocles alchata</i>	Белобрюхий рябок
83	Ұбақ, қолаңтөс	<i>Syrrhaptes paradoxus</i>	Саджа
84	Қоңыр кептер	<i>Columba eversmanni</i>	Бурый голубь
85	Үкі	<i>Bubo bubo</i>	Филин
86	Іле жорға торғайы	<i>Podoces panderi ilensis</i>	Илийская саксаульная сойка
87	Көкқұс	<i>Myophonus coeruleus</i>	Синяя птица
88	Үлкен құралайқұс	<i>Carpodacus rubicilla</i>	Большая чечевица

Сүт қоректілер класы:		Mammalia:	Класс - Млекопитающие
89	Көптісті жертесер	<i>Suncus etruscus</i>	Белозубка малютка
90	Жұпар тышқан	<i>Desmana moschata</i>	Выхухоль
91	Иконников жарқанаты	<i>Myotis ikonnikovy</i>	Ночница Иконникова
92	Азия жалпаққұлақты жарқанаты	<i>Barbastella leucomelas</i>	Азиатская широкоушка
93	Бобринский жарқанаты	<i>Eptesicus bobrinskii</i>	Кожанок Бобринского
94	Ақбауыр жарқанат	<i>Otonycteris hemprichi</i>	Белобрюхий стрелоух
95	Бүрме ерінді жарқанат	<i>Tadarida teniotis</i>	Широкоухий складчатогуб
96	Қызыл қасқыр	<i>Cuon alpinus</i>	Красный волк
97	Тянь-Шань қоңыр аюы	<i>Ursus arctos isabellinus</i>	Тянь-шаньский бурый медведь
98	Тас сусары	<i>Martes foina Erxleben</i>	Каменная куница
99	Орман сусары	<i>Martes martes</i>	Лесная куница
100	Еуропа күзені	<i>Mustela lutreola</i>	Европейская норка
101	Шұбар күзені	<i>Vormela peregusna</i>	Перевязка
102	Балжегіш аю	<i>Mellivora capensis</i>	Медоед
103	Орта Азиялық өзен кәмшаты	<i>Lutra lutra seistanica</i>	Среднеазиатская речная выдра
104	Қабылан	<i>Acinonyx jubatus</i>	Гепард
105	Шағыл мысығы	<i>Felis margarita</i>	Барханный кот
106	Сабаншы	<i>Felis manul</i>	Манул
107	Қарақал	<i>Lynx caracal</i>	Қарақал
108	Орта Азия немесе үркістан сілеусіні	<i>Lynx lynx isabellinus</i>	Центральноазиатская или туркестанская рысь
109	Барыс	<i>Uncia uncia Schreber</i>	Снежный барс
110	Түрікмен құланы	<i>Equus hemionus onager</i>	Туркменский кулан
111	Тоғай кермаралы	<i>Cervus elaphus bactrianus</i>	Тугайный благородный олень
112	Қаракүйрық	<i>Gazella subgutturosa</i>	Джейран
113	Үстірт арқары	<i>Ovis vignei arkal</i>	Устюртский горный баран
114	Алтай арқары	<i>Ovis ammon ammon</i>	Алтайский горный баран
115	Қызылқұм арқары	<i>Ovis ammon severtzovi</i>	Кызылқұмский горный баран
116	Қазақстан арқары	<i>Ovis ammon collium</i>	Казахстанский горный баран
117	Тянь-шань арқары	<i>Ovis ammon karelini</i>	Тянь-шаньский горный баран
118	Қаратау арқары	<i>Ovis ammon nigrimontana</i>	Каратауский горный баран
119	Мензбир суыры	<i>Marmota menzbieri</i>	Сурок Мензбира
120	Үнді жайрасы	<i>Hystrix indica</i>	Индийский дикобраз
121	Жалман	<i>Selevinia betpakdalensis</i>	Селевиния

122	Бессаусақты ергежейлі қосаяқ	Cardiocranium paradoxus	Пятипалый карликовый тушканчик
123	Гептнер ергежейлі қосаяғы	Salpingotus heptneri	Карликовый тушканчик Гептнера
124	Ергежейлі боз қосаяқ	Salpingotus pallidus	Бледный карликовый тушканчик
125	Ергежейлі майқұйрық қосаяқ	Salpingotus crasicauda	Жирнохвостый карликовый тушканчик
126	Үлкен көртышқан	Spalax giganteus	Гигантский слепыш
127	Роборовский атжалманы	Phodopus roborovskii	Хомячок Роборовского
128	Сары алақоржын	Lagurus luteus	Желтая пеструшка

Аң аулау және балық аулау объектілері болып табылатын жануарлардың құнды түрлерінің тізбесі

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/106 бұйрығы)

Р/с №	Жануарлардың түрлері	Р/с №	Жануарлардың түрлері
1	2	1	2
Сүтқоректілер:			
1	Жанат тәрізді ит	18	Құдыр
2	Қарсақ	19	Өзен құндызы
3	Түлкі	20	Сібір елігі
4	Қоңыр аю (Тянь-Шань аюынан басқа)	21	Марал
5	Жанат	22	Аскания бұғысы
6	Бұлғын	23	Бұлан
7	Қуну	24	Киік
8	Сарғыш күзен	25	Сібір тау ешкісі
9	Ақ қалақ	26	Кәдімгі тиін
10	Ақкіс	27	Зорман
11	Сары күзен	28	Байбақ немесе дала суыры
12	Сасық күзен	29	Сұр суыр немесе алтай-тянь-шань суыры
13	Америкалық су күзені	30	Ұзын құйрықты немесе қызыл суыр
14	Борсық	31	Ондатра немесе су тышқан
15	Кәмшат (ортаазиялықтан басқасы)	32	Құм қоян
16	Сілеусін (түркістандықтан басқасы)	33	Ор қоян
17	Қабан	34	Ақ қоян
Құстар:			
1	Қызыл жемсаулы гагара	31	Жалпақ тұмсық
2	Қара жемсаулы гагара	32	Қарашақаз
3	Сұр қаз	33	Қызғыш
4	Ақмаңдайлы қаз	34	Қызылтұмсық сүңгуір
5	Қырманқаз	35	Қызылбас сүңгуір
6	Отүйрек	36	Айдарлы сүңгуір
7	Сарыалақаз	37	Теңіз сүңгуірі
8	Барылдауық	38	Ұшқыр үйрек
9	Қырылдақ шүрегей	39	Сусылдақ
10	Ысылдақ шүрегей	40	Айдарлы үйрек

11	Боз үйрек	41	Қара тұрпан
12	Сары айдар үйрек	42	Кіші бейнарық
13	Қылқұйрық	43	Секпілтес бейнарық
14	Даурықпа шүрегей	44	Үлкен бейнарық
15	Аққұр	45	Күз кептер
16	Тундра шілі	46	Кәдімгі түркептер
17	Құр	47	Үлкен түркептер
18	Саңырау құр	48	Күжіркей
19	Сұр құр	49	Шаушалшық
20	Гималай ұлары	50	Таукұдырет
21	Кекілік	51	Орман маңқысы
22	Дала шілі	52	Азия таукүдіреті
23	Сұр шіл	53	Тау маңқысы
24	Сақалды шіл	54	Маңқы
25	Бөдене	55	Жылқышы
26	Қырғауыл	56	Үлкен шалшықшы
27	Қасқалдақ	57	Орташа шалшықшы
28	Дыркептер	58	Үлкен шырғалақ
29	Түзкептер	59	Кіші шырғалақ
30	Көк кептер		

3-бөлім.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзу арқылы келтірілген зиянды өтеу мөлшері (ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 11.05.2017 № 197 бұйрығымен өзгерістер енгізілген, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/158 бұйрығымен бекітілген)

р/с №	Жабайы жануардың атауы	Зиянды өтеу ставкасының мөлшері айлық есептік көрсеткішпен (әрбір дарағы/әрбір килограммы үшін/ұясы үшін)
1	2	3
Жер үсті сүтқоректілер		
1	Құлжа* (арғалы, арқар, үстірт қойы)	1500
2	Ілбіс*	2000
3	Борсық	10
4	Тиін	5
5	Құндыз	15
6	Қызыл қасқыр*	600
7	Орта азия кәмшаты*	400
8	Терістік кәмшаты	10
9	Сусары	10
10	Қабылан*	2000
11	Ақкіс	10

12	Қарақұйрық *	400
13	Үнді жайрасы *	200
14	Қара кірпі *	5
15	Қоян (ақ қоян, толай, ор қоян)	5
16	Қабан	250
17	Құдыр	250
18	Қарақал*	600
19	Құндыз жарғанаты *	100
20	Сібір тау текесі	250
21	Сасық күзен	10
22	Қарсақ	5
23	Елік	250
24	Шағыл мысығы *	200
25	Ала аяқ мәлін	5
26	Түрікмен құланы *	2000
27	Ақтөс* және орман сусарысы*	200
28	Ақ құлақ	10
29	Түлкі	5
30	Бұлан	500
31	Сабаншы*	300
32	Қоңыр аю	200
33	Тян-шань қоңыр аюы *	700
34	Балжегіш аю *	600
35	Американ күзені	10
36	Еуропа күзені *	600
37	Теңбіл бұғы *	700
38	Бұғылар (теңбіл бұғыдан басқасы)	200
39	Су тышқан	5
40	Шұбар күзен*	200
41	Ала жертесер	5
42	Құну	100
43	Түркістан сілеусіні *	200
44	Сілеусін (Түркістан сілеусінінен басқа)	20
45	Жолман*	200
46	Серке киік	500
47	Ұрғашы киік, төлі	350
48	Бүрме ерінді жарқанат *	200
49	Үлкен көртышқан*	200
50	Жанат текті ит	10
51	Бұлғын	40
52	Солонгой	5
53	Суырлар (байбак, қызғылт, сұр)	10
54	Мензбир суыры *	400

55	Балпақ-зорман	5
56	Сасық күзен	5
57	Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген сүтқоректілердің басқа да түрлері	100
58	Сүтқоректілердің басқа да түрлері	5
Құстар		
59	Қара ләйлек*	200
60	Үлкен, кіші суқұзғын	1
61	Ителгі *	700
62	Бүркіт *	400
63	Сақалтай*	400
64	Тарбақ шырғалақ *	200
65	Тарбақ (үлкен және кіші)	5
66	Үлкен және кіші әуілдек	5
67	Қызыл және қара мамыққаз	10
68	Саңырау құр	10
69	Құр	5
70	Күшіген (тазқара, ақбас, гималайлық күшіген)	10
71	Қаздар (қутұмсық қаздан өзгесі)	5
72	Қутұмсық қаз*	600
73	Тұрымтай	5
74	Жек дуадақ*	700
75	Дуадақ *	700
76	Ақбас тырна *	100
77	Сұр тырна *	200
78	Жыланжегіш қыран *	400
79	Қызыл жемсаулы қараша қаз *	200
80	Жамансары (кәдімгі, обалық, жүнаяқ, қысқы жамансары)	10
81	Қарабай *	100
82	Бақылдауық	5
83	Кеклик	5
84	Қалбағай *	200
85	Сұнқар *	200
86	Тарғақ *	400
87	Шалшықшы (кішісі және сүйір тұмсықтысы)*	200
88	Шалшықшы (ірі және орта)	5
89	Құмай *	100
90	Шіл	5
91	Сұңқылдақ аққу, кішісі *	400
92	Сыбырлақ аққу	50
93	Құладың (батпақ құладынынан басқасы)	5
94	Қасқалдақ	5
95	Шыбыншы торғай *	100

96	Бақалтақ қыран *	100
97	Дала қыраны	20
98	Жыртқыш қыран	20
99	Аққұйрық субүркіт*, кезқұйрық субүркіт *	400
100	Қызғылт бірқазан*, бұйра бірқазан*	400
101	Бөдене	5
102	Ақ құйрық қызғыш*	200
103	Сұқсыр	5
104	Шаңқылдақ қыран	10
105	Көкқұс *	100
106	Ақбауыр бұлдырық, қарабауыр бұлдырық*	200
107	Қарабауыр шіл	5
108	Убақ *	100
109	Лашын*	600
110	Балықшы түйғын *	600
111	Жапалақ, байғыз (үкіден өзгесі)	5
112	Ақ тырна *	700
113	Алтай ұлары *	200
114	Гималай ұлары	10
115	Үйректер (Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгенінен басқасы)	5
116	Қырғауыл	5
117	Үкі*	200
118	Қоқиқаз *	400
119	Дара шағала *	200
120	Бидайық *	700
121	Қазақстан Республикасы Қызыл кітабына енгізілген құстардың басқа да түрлері	100
122	Басқа да құс түрлері	5

Ескертпелер:

*Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген түрлерге жататын жануарлар, сондай-ақ ғылыми мақсаттарда пайдаланудан басқа, пайдалануға тыйым салынған түрлер:

әрбір заңсыз жойылған (бүлдірілген) жануарлардың мекен ететін ұясы, іні, апаны және басқа да баспаналары үшін келтірілген нұқсан он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алынады;

әрбір заңсыз алынған (жойылған) жұмыртқа, сондай-ақ әрбір заңсыз алынған немесе жойылған сүт қоректілер аналығының ұрығы үшін жануарлардың осы түрінің ересек дарағы (аналығы) үшін келтірілген нұқсанды өтеу мөлшерінің 50 пайызы (айлық есептік көрсеткіштермен) өндіріп алынады;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 ақпандағы № 18-03/105 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10482 болып тіркелген) бекітілген дериваттар тізбесіне сәйкес, әрбір заңсыз алынған немесе сатып алынған дериват, оның ішінде әрбір 100 грамм уылдырық үшін жануарлардың осы түрінің ересек дарағы (аталығы немесе аналығы) үшін келтірілген нұқсанды өтеу мөлшерінің 100 пайызы (айлық есептік көрсеткіштермен) өндіріп алынады.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін әкімшілік жауаптылық

Жануарлар мен өсімдіктер дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын бұзу
(Қазақстан Республикасының Кодексінің 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 143-бабы)

1. Жануарлар дүниесі объектілерін пайдалану құқығын заңсыз басқаға беру, сондай-ақ жануарлар дүниесіне мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты пайдалануға рұқсат алу талап етілетін қорықтар мен басқа да ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жануарлар дүниесі объектілерін заңсыз пайдалану, –

Жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға – жиырма бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – жетпіс, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Өсімдіктер дүниесі объектілерін пайдалану құқығын заңсыз беру, сондай-ақ өсімдіктер әлеміне мемлекеттік меншік құқығын тікелей немесе жасырын түрде бұзатын басқа да мәмілелер жасау, сол сияқты пайдалануға рұқсат алу талап етілетін өсімдіктер дүниесі объектілерін заңсыз пайдалану, –

Жеке тұлғаларға – он, лауазымды адамдарға – жиырма, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – елу, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне үш жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Елді мекендерді, кәсіпорындарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерін жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды басқа да препараттарды қолдану кезінде өсімдіктер мен жануарларды қорғау іс-шараларын бұзу
(Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 379-бабы)

Осы Кодекстің 416-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, елді мекендерді, кәсіпорындарды және басқа да объектілерді орналастыру, жобалау және салу, өндірістік процестерін жүзеге асыру және көлік құралдарын пайдалану, өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштар мен басқа да препараттарды қолдану кезінде өсімдіктер мен жануарларды қорғау іс-шараларын бұзу, –

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – сегіз, лауазымды адамдарға, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – он төрт, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жетпіс айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау ережелерін бұзу
(Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 382-бабы)

1. Қылмыстық жаза қолданылатын әрекет белгілері жоқ жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және (немесе) аң аулау ережелерін бұзу, –

ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған дәл сол бұзушылық, –

жеке тұлғаларға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – алпыс бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, немесе екі жылға дейінгі мерзімге аң аулау құқығынан айыруға, аталған бұзушылықты жасаған аң аулау құралдары, көлік құралдары мен өзге де құралы болып табылған құралдары тәркіленуіне әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған іс-әрекет, –

әкімшілік құқық бұзушылық заттары және (немесе) құралдары тәркілене отырып, жеке тұлғаларға – жетпіс, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз он, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – бір жүз елу, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бір мың айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, немесе екі жылға дейінгі мерзімге аң аулау құқығынан айыруға әкеп соғады.

Жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаттарды беру және пайдалану тәртібін бұзу

(Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ
Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 390-бабы)

1. Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру тәртібін бұзу – лауазымды адамдарға жиырма бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Жыныс-жас құрамын (көрсетілген жағдайда) заңсыз алудан көрінген, жануарлар дүниесін пайдалануға берілген рұқсаттарды, жануарлар дүниесін мекендеу ортасынан алу мерзімдерін, болжамды алу учаскесінің аумағын және шекарасын, алу тәсілдерін (аулау, атып алу, жинау) бұзу, егер бұл әрекетте қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері болмаса, –

жеке тұлғаларға – бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он екі, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылық

Экоцид (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V
Қылмыстық кодексінің 169-бабы):

Өсімдіктер әлемін немесе жануарлар дүниесін жаппай жою, атмосфераны, жер немесе су ресурстарын улау, сондай-ақ экологиялық зілзаланы немесе төтенше экологиялық ахуал туғызған немесе туғызуы мүмкін өзге де әрекеттерді жасау –

Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыра отырып немесе онсыз, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Жануарларға қатыгездік жасау

(Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V
Қылмыстық кодексінің 316-бабы):

1. Жануарларға олардың өлуіне немесе мертігуіне әкеп соққан қатыгездік жасау, егер бұл іс-әрекет бұзақылық ниетпен немесе садистік әдістерді қолдана отырып немесе жас балалардың көз алдында жасалса, –

бір жүз жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, немесе бір жүз жиырма сағатқа дейінгі мерзімге

қоғамдық жұмыстарға тартуға немесе отыз тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы қолданылады.

2. Адамдар тобы немесе алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған немесе бірнеше мәрте жасалған дәл сол іс-әрекет –

екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не елу тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу арқылы жазаланады.

336-бап. Балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексінің 336-бабы)

Көпірлер, бөгетшелер салу, жарылыс немесе өзге де жұмыстарды жүзеге асыру, су жинағыш құрылыстарды немесе су айдағыш механизмдерді пайдалану кезінде балық қорларын қорғау қағидаларын бұзу, егер бұл іс-әрекет балықтардың немесе басқа да су жануарларының жаппай қырылуына әкеп соқса немесе әкеп соғуы мүмкін болса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, бір жүз алпыс айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бір жүз алпыс сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не қырық тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

337-бап. Заңсыз аңшылық (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексінің 337-бабы)

1. Заңсыз аң аулау, оның ішінде атыс, пневматикалық, лақтырылатын, суық қаруды, қолға түсірудің басқа да құрал түрлерін, иттерді, аушы жыртқыш құстарды, салт атты, жегін көлікті қолданып заңсыз аң аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіре отырып жасалса, сол сияқты жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды, авиа-, авто-, мотокөлік құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, бірнеше рет жасалған заңсыз аң аулау –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші немесе екінші бөліктерінде көзделген, адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған заңсыз аң аулау –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не бір мың екі жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

4. Осы баптың бірінші, екінші немесе үшінші бөліктерінде көзделген, мынадай:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда немесе төтенше экологиялық ахуал аумақтарында;

2) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлеріне, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған жануарларға қатысты жасалған;

3) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;

4) ірі залал келтіре отырып жасалған заңсыз аң аулау –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан жеті жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, алты мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылдан алты жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

5. Алып тасталды - ҚР 28.10.2019 № 268-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Осы баптың бірінші, екінші, үшінші немесе төртінші бөліктерінде көзделген, мынадай:

1) қылмыстық топ жасаған;

2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған;

3) заңды күшіне енген сот үкімі бойынша аңшылықпен айналысу құқығынан айырылған адам жасаған заңсыз аң аулау –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, алты жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

338-бап. Жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын бұзу (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексінің 338-бабы)

Өндірістік процестерді жүзеге асыру немесе көлік құралдарын пайдалану, өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды немесе басқа да препараттарды қолдану кезінде жануарлар дүниесін қорғау қағидаларын жануарлар дүниесінің жаппай жойылуына немесе қырылуына әкеп соққан бұзу, сол сияқты аңшылық алқаптарын, балық шаруашылығының су айдындарын пайдалану немесе қорғау тәртібін ірі залал келтірген бұзу –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

339-бап. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған түрлерімен, олардың бөліктерімен немесе дериваттарымен заңсыз айналысу (Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V Қылмыстық кодексінің 339-бабы)

1. Өсімдіктердің немесе жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерін, олардың бөліктерін немесе дериваттарын, оның ішінде олардың айналымы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттелетін түрлерін, сондай-ақ пайдалануға тыйым салынған өсімдіктерді немесе жануарларды, олардың бөліктерін немесе дериваттарын заңсыз қолға түсіру, иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау немесе жою, сол сияқты олардың мекендейтін жерлерін жою –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

1-1. Киікті заңсыз қолға түсіру, жою, сол сияқты заңсыз қолға түсірілген киікті немесе оның дериваттарын, оның ішінде мүйіздерін иемдену, сақтау, өткізу, әкелу, әкету, жөнелту, тасымалдау –

мүлкі тәркіленіп, үш жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші немесе 1-1-бөліктерінде көзделген, мынадай:

- 1) бірнеше рет жасалған;
- 2) адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған;
- 3) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда жасалған;
- 4) адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаған;
- 5) ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мыңнан жеті мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Осы баптың бірінші, 1-1 немесе екінші бөліктерінде көзделген, мынадай:

- 1) қылмыстық топ жасаған;
- 2) аса ірі залал келтіре отырып жасалған іс-әрекеттер –

мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, жеті жылдан он екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады..

4-бөлім. Аңшы этикасы

Аңшы этикасы – аңшының адамгершілік заңы, оны бұзуды ол өзінің қадір-қасиетінен төмен деп санайды, бұл өзара сый мен көмекке негізделген заң. Аңшылықта олжа саны емес, оны заң негіздерін сақтай отырып, қаншалықты әдептілікпен табылғаны маңызды болып саналады.

Аңшы этикасының кейбір ережелері:

Бөтен иттің астынан алынған жабайы құс иттің иесіне тиесілі болады, ал ол оқ атқан адамға екі оқты қайтарады;

Жараланған олжаны оны жарақаттаған адам алады, егер оқ атқаннан кейін жабайы құстың жарақаттанғанының айқын белгілері болса, жабайы құсты өлтірген адамға екі оқ қайтарылады;

Егер жабайы құсты бірнеше аңшы атып, айқын тигізгендері анықталмаса, ал жабайы құс біраз қашықтық жүгіріп немесе ұшып жерге құласа, жабайы құс, соңғы болып атқан адамға тиесілі болады. Ірі жабайы құс оны түбігейлі тоқтатқан адамның олжасы болып саналады;

Қасыңыздағы серігіңізге қарай келе жатқан немесе оның секторында жүрген жабайы құсты атуға болмайды;

Жабайы құсы бірінші болып көтерілген адам бірінші болып атады, содан соң қалғандары атады;

Нысанаға тимей қалған жағдайда барлық наразылықтар сыпайы түрде айтылады, Нысанға тек оқ атпаған адам ғана тигізе алмайды;

Топтық аңшылықта бір аңшы ғана басшылық етіп, қалғандары тұлғаларына қарамастан оған бағынады. Қатысушылар аңшылық басшысына аң аулауды жүргізуге қатысты ұсыныстарды сыпайы түрде жеткізе алады;

Топтық аңшылықта ірі қара аңды аулаған атқышқа аңның басы мен өкпе-бауыры (тіл, жүрек, бауыр, өт және өкпе) тиесілі, қалған мүшесі өзге аңшылардың арасында үлестіріледі/бөлінеді;

Егер аңшылық кезінде басқа топтың арасына түссең-өзіңді лайықты ұстау қажет;

Аңшы тек бір шаруамен айналысу керектігін ұмытпау керек: не аң аулау, не арақ ішу керек. Екеуін қатар алып жүруге жол берілмейді;

Аңшылықта бәрі тең. Бөлмені жинау және ыдысты жуу, тамақ дайындау және өзге де міндеттер бәріне ортақ. Егер аңшылар аңшылыққа көліпен шыққан болса- жанармай шығыны аңшылар арасында теңдей бөліну тиіс;

Ірі жабайы құсты еш уақытта артынан қуалап атуға болмайды;

Егер аң бөтен аумақта өлтірілсе, аңды осы аумақта атқан адам алады. Егер аң аумақтардың ортасына құласа, аң оны өлтірген адамға тиесілі болады;

Жабайы құстың ұшатын аумағы бөлініп, жабайы құс тіміскішіден атылады;

Аңшылыққа қайықпен шыққан уақытта мерген аңшының олжасы әрдайым көбірек болады, алайда тәрбиелі аңшы барлық олжаны теңдей бөледі;

Олжа келесідей үлестіріледі: аңшылық соңында бүкіл олжа бір жерге жиылып, аңшы санына теңдей үйіліп үлестіріледі. Содан соң аңшының біріне теріс айналу ұсынылып, үйілген әр олжа көрсетіліп, оның кімге бұйыратыны сұралады;

Жараланған аңды міндетті түрде өлтіру қажет;

Аңшы қабан аулаған кезде алдымен аналығы, оның артынан балалары жүретінін біледі. Нағыз аңшы қабанның аналығын атпайды;

Құс ойнағында құрлар атылмайды және бірінші болып ұшып келген құрды атпайды. Одан бүкіл ойнақты бұзып жіберу қауіпі бар;

Аңды өлтірген адам оны сояды;

Нағыз аңшы тыйым салынған аңшылық құралдары мен керек-жарақтарды: электрондық арбағыштар, түнгі оптикалық нысанаға алғыштар, автокөлікпен аң аулау және т.б. пайдаланбайды. Мұндай қару мен тәсілдерді пайдаланатын аңшылар аңшылық дәстүрге кір келтіреді;

Аңшы өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтау қажет. Қалың шөптің арасына, құрғақ ағаштардың ортасында от жағуға, өшпеген сіріңке мен темекіні құрғақ шөпке лақтыруға, төсем ретінде қалдықтар мен өзге де оңай тұтанатын материалдарды пайдалануға болмайды. Демалыстан соң отты өшіріп кету қажет. Аңшы пайда болған өртке өрт сөндіру шарасын дереу қолға алу керек;

Аңшы далада өз үйіндей болады, ал үйде қоқыс тастамайды, артынан қағаз, пакет, консерві банкалар және басқа да қоқыс қалдыруға болмайды. Барлық қоқысты жерге көму немесе өзіңізбен бірге алып кету керек. Тамақ қалдықтарын қалдырып кетуге болады – оны жануарлар жейді;

Аңшы жауыннан қалай қорғану керегін және найзағай кезінде не істеу керегін білу қажет (жалғыз тұрған ағаштың түбіне тұруға және суға кіруге болмайды). Ну орман мен шөл далада дұрыс жол таба білу керек, алғашқы медициналық жәрдем көрсету әдісі мен құралдарын білу керек;

Тәжірибелі аңшы білгенін жас аңшыға үйрету керек; Құрмет – бұл екіжақты сезім;

Аңшы үйшігін мекен еткен аңшы белгілі мөлшерде біраз тамақ, тұз, сіріңке және отын қалдыру керек, бұл егер басқа бір аңшы қиын жағдайға тап болып, біраз уақыт осы үйшікті пана етуге мәжбүр болса қажет болады. Үйшіктен кетер алдында аңшы артынан бөлмені жинап, ыдыс-аяқты жуып, барлық құрал-жабдықтарды ретке келтіреді;

Өзара көмек, жақын досыңның қол ұшы қандай жағдайда болмасын – аңшы үшін ең қымбат құндылық;

Аң аулау тәсілдері жабайы жануарлар мекен ететін жерді ойран етпеуі тиіс. Аңшылық тәртібі мен мерзімі ең алдымен, жан-жануарлардың төлейтін мерзіміне қарай белгіленеді. Әдетте, бұл көктем мезгіліне келеді. Сол себептен көктем айларында аңшылық жүргізілмейді. Күз мезгілінде құс аулай бастау мерзімі жас құс баласының өз бетінше ұша бастайтын кезеңмен айқындалады. Үлпек жүнді аңдарды аулағанда жабайы аңдардың түгінің жетілуі ескеріледі. Тұяқты аңдарда ең алдымен, жас ұрпақтың енесінен бөлек жеке өмір сүруі ескеріледі. Сол үшін де барлық аңшылар аңшылыққа қашан шығуға болатынын білуі керек, ал мұндай жағдайды ескермесе, әкімшілік жазадан басқа аңшылық ортада қатаң сынға алынады.

5-бөлім. Аң аулау тәсілдері

Жануарлар санын ретке келтіру процессіндегі аңшылықтың орны жануар басының сапалық құрамының өзгеруі сияқты, фаунамызды сақтап қалуда зор орын атқарады. Аңшылықтың әртүрлі тәсілдерінде ауланған жан-жануарлардың нәтижесін зерттеу кезінде олардың көпшілігі жабайы құс (ересек немесе жас, еркегі немесе ұрғашысы, дені сау немесе биологиялық жетілмеген дарақтар әртүрлі ара-қатынаста олжа етіледі) олжасының белгілі бір талғамалықты қамтамасыз ететінін көрсетті. Аңшылық кезінде ауланатын аңдарды қолға түсірудің негізгі тәсілдерін біле отырып, аңшылықтың осы аймақтың жануарлар әлеміне келтірілетін әсерге қатысты ұзақ мерзімді болжам жасауға және уақыт мерзімі мен тәсілдерді реттеу арқылы жабайы аңдардың сапалық құрамындағы өзгерістерді басқаруға болады.

Аң аулаудың негізгі тәсілдері.

Қапқан кәсіпшілігі. Қапқандар деп аталатын өз бетінше ұстау тобы қазіргі заманғы аңшылықта жануарларды аулау техникасындағы алғашқы орындардың бірін алады /Аңшылық жануарларды аулаудың қазіргі заманғы тәсілдерінің бірі арасында қапқанмен аң аулау кәсібі алдыңғы орында келеді. Қыс мезгілінде қапқандар түлкі, қарсақ, борсық, ұсақ сусар тектестер мен сілеусін аулау үшін, көктем-жаз мезгілінде сарышұнақтар мен суырларды аулау үшін пайдаланылады.

Суырларды жақындап келіп аулау. Ойықты мылтықтан суыр атуға тек баллистика бойынша білімі, қару ату қабілеті және аңшының нысанға тию қабілеті кіретін, қару ату бойынша емтихан тапсырып, аң аулауға рұқсат алған кәсіпші-аңшыларға ғана рұқсат беріледі.

Анды ізімен іздеп отырып аулау. Анды қар жамылғысы болған кезде ізімен жүріп отырып аулауға болады. Анды ізімен іздеп отырып аулау тәсілі өзі жеке сирек қолданылады, көп жағдайда бұл тәсіл аң жан-жақта қоршауға алынып, торуылға айдалатын тәсілмен немесе қамалап ұстау тәсілімен бірге үйлеседі. Анды ізімен іздеу тәсілін ауа райы қолайлы болған уақытта қолданған жөн. Мұндай кезде аңға оңай жақындап, бірден атып алуға болады. Ал аяқтың астындағы қар сықырлап, аяз тұрғанда немесе мұзқатқақта аңға жақындау мүмкін емес.

Қасқырды апанда аулау. Бұл тәсіл әр аңшыға қол жетімді. Алайда қасқырдың апанын іздеу ісіне елеулілікті, қажырлықты, табандылықты қажет етеді. Әдетте, жануарлар жыл сайын бір жерде күшіктейді. Аңшы өз тәжірибесіне сүйене отырып, ал бөтен жерде сұрастыра келе, былтырлары қайсыбір жерде қасқырдың күшіктеген-күшіктемегінін біліп алу қажет. Қасқырдың күшіктері табылған жерлер картаға түсіріліп алынып, көктем мезгілінде қасқыр ізінің бар-жоғы тексеріледі. Іздің наурыз-сәуірдің бірінші жартысында, яғни қасқырдың күшіктері туылатын кезеңнен бұрын кездесуін білу маңызды. Мұндай кезде ересек жануар апан іздеумен жүреді, кейіннен сол жерді тұрақты мекендейді.

Арбап шақырып, аңдып отырып аң аулау. Аңшылықтың бұл тәсілі тек түлкі аулағанда ғана нәтиже береді. Аңшылықтың бұл тәсілі қаладағы әуесқой аңшылар және ауыл шаруашылығы жұмыскерлері арасында көп таралған. Аң аулаудың бұл тәсілі әуесқойдан зейінділікті, бүркене білуді және аңға шу шығармай, білдіртпей жақындауды талап етеді. Аңшы жақсы бүркеніп алып, тышқанның шиқылын немесе жараланған қоянның дыбысын келтіріп, түлкінің назарын аудартады. Бұл үшін әдетте, арнайы ысқырғыш пайдаланылады, ал тәжірибелі аңшылар мұндай дыбыстарды арнайы құрылғысыз-ақ келтіреді.

Жасырынып аң алау қабан, елік, бұлан қорегін іздеп жейтін жерлерде жер қарада да, қарлы мезгілде де, аңға жалғыз да, екеу болып та, үшеу болып та шыққанда қолданылады.

Жалғыз аяқ жолмен қабан аулау. Қабанды жаяу жолда торуылдан шығып, аулау – қызықты әрі нәтижелі аңшылық. Аңшылықтың бұл тәсілін қабандар азықтанатын жерге немесе өріске (бидай, арпа және т.б. өсіп тұрған) барған кезде қолдануға болады.

Аңды қоршап аулау. Кез келген аңшылықтың мәні екі мәселенің шешілуін қажет етеді: аңның немесе аң тобырының орналасқан жерін және оларды қайда және қайда айдау керегін анықтау, яғни оқ атылатын бағытты табу және аң айдалатын бағытты анықтау.

Аңды айдап аулау. Аңшылықтың бұл тәсілі қыс мезгілінде қояндардың барлық түрлеріне және тұяқты жануарларға (елік, қабан) аңды ізімен іздеп отырып аулау тәсілімен бірге қолданылады. Көп адамды қажет етпейтіндіктен, бұл тәсіл айдап аулау тәсіліне қарағанда әлдеқайда қол жетімді.

Тазылармен аң аулау. Аңшылықтың бұл түрі далалы орман алқаптарында анағұрлым кең таралған. Аңшылық күзгі-қысқы аңшылық мезгілі ашылған алғашқы күннен бастап, қара жерден басталады.

Құмай тазымен және бүркітпен аң аулау шалғайдағы мал шаруашылығымен айналысатын ауыл тұрғындары арасында кең таралған. Салт атты аңшы, көп жағдайда 20-30 адамнан құралған топ иттерін ертіп, таңсәріде далаға шығады. Тізбекке тізілген аңшылар жатқан түлкіні, қоянды көтереді немесе қарсақты, тышқан аулап жүрген түлкіні іздеп тауып, тазыларды жібереді.

Аңшылыққа ұжым болып (топтасып) шыққан кезде жауапты аңшы тағайындалады, бұл ретте жауапты аңшы мен аңшылыққа қатысушыларға тиіс:

Аң аулауды бастамас бұрын жауапты аңшы аңшылыққа қатысушыларға қозғалыс, от тұтату тәртібін, ұжымдық (топтасқан) аңшылықтың ережелерін еске салады, аңшылық барысында осы ережелердің орындалуын қадағалайды;

Аңшылыққа қатысушылар тәртіпті қатаң сақтауға және жауапты аңшының өкімдерін орындауға тиіс;

Аңшылық айнала жақсы көрінетін қолайлы ауа райында жүргізіледі;

Айдаушыларға аң айдалатын жерде мылтықтарын атуға келтірілген күйінде ұстауға және мылтық атуға тыйым салынады;

Аңшылық жүргізілетін жерге келгеннен кейін жауапты аңшы нақты белгі береді/ орнатып, береді: аң айдалатын уақыт, аң аулап болатын уақыт, аңшылықтың аяқталуы, аңшылардың жиналуы және т.б.;

Атқыштар оқ атылатын бағыттың жан-жағына орындарына тұрғаннан кейін/орналасқаннан кейін қажет болса, бөтен адамдар мен үй жануарларының кіріп кетуіне жол бермеу үшін күзет қояды;

Атыс нөмірлері бір-бірінен бір қашықтықта орналасуы тиіс, жауапты аңшымен аңның түріне, жер бедеріне, қолданылып отырған қару мен оқ/патрондардың түріне қарай белгіленеді;

Жауапты аңшы атқышты нөмірге қойып, оған оқтың бағытын көрсетеді;

Атқыш қаруын нөмірге тұрып қана оқтай алады. Атқыш нөмірден түскен кезде қаруын оқтаудан босату керек;

Нөмірде тұрған әрбір атқыш қасындағы нөмірлердің орналасқан жерін және бүкіл атыс шегін білуі тиіс. Нөмірлерді алмастыруға, тұратын орынды өз бетінше таңдауға және айдау аяқталмай жатып нөмірден кетіп қалуға қатаң тыйым салынады;

Нөмірден түсіп кетіп, жараланған немесе өлген аңға баруға және жараланған аңның артынан жүруге айдау аяқталған соң ғана, жауапты аңшының рұқсатымен баруға болады;

Айдаушылар оқ атылатын жерге жақындаған кезде жиі дауыс беру/шығаруы керек;

Айдаушылар оқ атылатын жерге 150 м.-ден жақын қашықтыққа жақындаған уақытта оқ аң атылатын аймақтан кері шыққанда ғана атылады;

Аңды айдаған уақытта айдалып отырған аңды ғана атуға болады. Қасқырды атқаннан басқа, өзге атыстарға рұқсат берілмейді;

Ұжымдық (топтық) аңшылық кезінде айдау әдістері қолданылғанда дөңгелек оқтарды пайдалануға тыйым салынады.

Аңшылық ит шаруашылығы

Республиканың елді мекендерінің аумағында иттерді ұстау және серуендету, қаңғыбас иттерді аулау және жою қағидалары «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленеді. Ереже Республиканың елді мекендерінің аумағында иттерді ұстау және серуендету, қаңғыбас иттерді аулау және жою тәртібін реттейді.

Иттер мен мысықтарды тіркеу тәртібі:

Иттер үш айлық жастан бастап аудандық кинологиялық мекемелерде тіркеуге жатады.

Тіркеуден кейін иттердің иелеріне белгіленген үлгідегі ветеринарлық паспорт беріледі.

Иттердің иелері тіркеу және қайта тіркеу кезінде келесі мәліметтерді ұсынады:

иесінің жеке басын куәландыратын құжат;

мекен-жайы, байланыс телефоны;

иттің тұқымы, лақап аты, туған күні, түсі, ерекше белгілері немесе жануардың сипаттамасы.

Иттерді сату, жоғалған, өлген, басқа тұлғаға беру кезінде жануарлардың иесіне екі апта мерзім ішінде оларды есептен шығару немесе қайта тіркеу үшін ветеринарлық станцияға хабарлау қажет.

Иттер иелерінің тұрғылықты жерін өзгерткен кезде жануарлар 15 жұмыс күні ішінде тіркеуге жатады.

Тіркелмеген (есепте тұрмайтын) және егілмеген иттерді ұстауға жол берілмейді.

Иттерді елді мекендерден тыс жерлерге тасымалдауға (орнын ауыстыруға) және әкелуге ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган берген ерекше үлгідегі арнайы ветеринарлық паспорт болған жағдайда рұқсат етіледі.

Аң аулау үшін аңшылық иттерді тіркеу Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 60 бұйрығымен бекітілген аңшы, балықшы және қорықшы куәліктерін беру ережесіне сәйкес аңшы куәлігінде жүргізіледі.

Аң аулайтын иттердің 23 тұқымы белгілі, олардың 16 тұқымы Қазақстанда пайдаланылады.

Аңды көп жағдайда өзі жеке аулайтын лайкалар аңды немесе құсты аңшы келгенше тауып, ұстауға үйретілген.

Дүрегей тазылар аңшының бұйрығымен аңды – түлкіні, қоянды немесе қасқырды қуып барып, өз беттерінше ұстайды.

Құмай тазылар дүрегей тазыларға қарағанда аңды дауыс беріп қуады, сол кезде аңшы иттердің даусына қарай жүріп, аңды ұстау керек.

Інге шабатын иттер. Бойы орташа күшті иттің бұл түрі аңның соңынан (түлкі, борсық) інінде түсіп, өз бетінше ұстайды немесе жердің бетіне айдап шығарады.

Иісті жақсы сезетін тазылар жердегі жасырылған құсты тауып, қос аяқтап тұрып, орналасқан жерін аңшыға көрсетеді. Мұндай кезде аңшы қаруын атуға дайындала алады.

Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды есепке алуды жүргізу және тіркеу қағидалары

(Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушысының 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-03/144 бұйрығы)

Қазақстан Республикасының аумағында аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстар (бүркіт, ителгі, атқыш және жыртқыш құстардың басқа да түрлері) үш айға дейінгі мерзімге уақытша әкелінгендерден басқа, аңшылар және аңшылық шаруашылығы

субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығында (бұдан әрі – қауымдастық) есепке алынуға және тіркелуге жатады.

Аңшылықта пайдаланылатын аңшы жыртқыш құстарды (бұдан әрі – аңшы жыртқыш құстар) есепке алу мен тіркеу жүргізуді қауымдастық жүзеге асырады.

Аңшы жыртқыш құсты есепке алу және тіркеу үшін:

аңшы жыртқыш құстың түрі, оның жынысы, туған жылы, қолда ұстаудың болжамды кезеңі, аңшы жыртқыш құстың сатып алынған жері және тәсілі, сақиналарының немесе микрочиптерінің болуы, өтініш берушінің паспорттың деректері мен мекенжайы көрсетілген, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

аңшы жыртқыш құстың сатып алыну заңдылығын растайтын құжаттар (алуға рұқсаттың, сатып алу-сату шартының, түбіртектің және (немесе) төлем құжатының көшірмелері) және бұрынғы иесінің атына ресімделген аңшы жыртқыш құстың паспорты;

аңшы куәлігінің көшірмесі;

жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың (куәліктің*) көшірмесі.

Шыққан жерінде тұратын аңшы жыртқыш құстардың паспорттарын ресімдеу дүниеге келген күнтізбелік жыл аяқталғанға дейін, бірақ олармен аң аулау басталудан кешіктірілмей жүргізіледі.

Паспорт аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастығы (бұдан әрі – қауымдастық) дайындайтын аңшы жыртқыш құстардың тұрақты түрде қолда ұсталуының заңдылығы мен оның тіркелуін куәландыратын құжат.

Қауымдастық аңшы жыртқыш құстар түрінің (жынысының, жасының) сәйкестігін және олардың сипаттамасын, оларға салынған ендерді, аңшы жыртқыш құстарды бағып-күту жағдайының болуын тексереді. Аңшы жыртқыш құстар тұрақты түрде қолда ұстау үшін алынбайтын сақиналармен немесе микрочиптермен белгілейді.

Аңшы жыртқыш құсты тіркеу ол заңсыз олжаланған немесе заңсыз сатып алынған жағдайларда жүргізілмейді.

Аңшы жыртқыш құстың осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген паспорттың қауымдастық өтініш тіркелген сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде береді.

Тіркелген аңшы жыртқыш құс аңшылық үшін пайдаланылған жағдайда аңшы жыртқыш құстың түрі, алынбайтын сақинаның немесе микрочиптің нөмірі, паспорттың нөмірі көрсетіліп, аңшы куәлігіне жазба жүзеге асырылады.

Аңшы жыртқыш құс иесінің тұрғылықты жері/мекенжайы ауысқан немесе иесі ауысқан жағдайда оның иесі осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес 5 (бес) жұмыс күні ішінде мекенжайды өзгерту және (немесе) паспортты қайта ресімдеу үшін қауымдастыққа құжаттар береді.

Аңшылық олжаларды әкету тәртібі:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен бекітілген тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидалары;

2) Кеден одағының кедендік шекарасында және Кеден одағының кедендік аумағында Ветеринариялық бақылауды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ереже (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы «Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы» N 317 шешімі»);

3) Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарлардың бірыңғай тізбесі (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы N 317 «Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы» шешімі»);

4) Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптар (Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы «Кеден одағында ветеринариялық-санитариялық шараларды қолдану туралы» N 317 шешімі»);

Еуропа Одағы елдеріне аңшылық олжаларды шығару

Олжаларды Еуропалық Одақ елдеріне (Еуропалық Одақ комиссиясының 2009 жылғы 21 қазандағы № 1069/2009 регламенті) әкетуге аттестатталған кәсіпорындар тізіліміне енгізілгеннен кейін адам тұтынуына арналмаған жануарлардан алынатын өнімдер мен субөнімдерді өңдеумен айналысатын кәсіпорындарға рұқсат етіледі. Мұндай кәсіпорындардың тізілімі ҚР АШМ ресми сайтында орналастырылады.

Аңшылық олжаларын басқа елдерге әкету

Аң аулау олжаларын басқа елдерге әкеткен кезде жүк иесі импорттаушы елдің тиісті ветеринариялық талаптарын (түпнұсқада және орыс тілінде) субъектінің ветеринарлық қызметіне, егер оны импорттаушы ел талап етсе, сол немесе өзге де зерттеулер жүргізу үшін алдын ала беруге міндетті.

Кейбір жағдайларда белгіленген тәртіппен аккредиттелген зертхана ғана жүргізуге құқылы ветеринариялық сараптама жүргізу қажет болуы мүмкін. Импорттаушы елдің ветеринарлық талаптары Қазақстанның ветеринарлық қызмет мамандарына да беріледі.

Аңшылық олжаларды субъектіден тыс жерлерге әкеткен кезде немесе Қазақстан аумағы арқылы өткізген кезде ветеринарлық құжатты ресімдеу үшін өтініш берушінің орналасқан жері бойынша тиісті қала немесе аудан субъектісінің мемлекеттік ветеринарлық қызмет мекемесіне жүгіну қажет. Бұл ретте жануарларды аулаудың заңды құқығын растайтын белгіленген үлгідегі рұқсаты болуы керек. Егер аңшылық олжалар аң аулау орындарынан тікелей әкетілетін болса, онда аңшылық пайдаланушыға аңшылық олжаларын әкетуге алдын ала рұқсат алуы қажет.

СИТЕС халықаралық конвенциясының (қасқыр, аю және т.б.) қолданысына түсетін аңшылық олжаларын әкету ерекшеліктері.

Аң шаруашылығы жүктерін халықаралық және мемлекетаралық тасымалдау кезінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бірыңғай ережелерінің негізінде СИТЕС қосымшасына енгізілген, жойылып кету қаупі бар жануарлардың аңшылық олжаларын әкетуге СИТЕС әкімшілік органының жойылып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға (СИТЕС) сәйкес импорттық рұқсаты болған жағдайда жол беріледі.

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлемдер

Жануарлар дүниесін пайдаланғаны үшін төлем ставкалары Қазақстан Республикасының Салық кодексінде республикалық бюджет туралы заңмен жыл сайын белгіленетін және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштерде (АЕК) белгіленген. 2021 жылға 2 917 теңге мөлшерінде айлық есептік көрсеткіш (АЕК) белгіленген.

Аң аулауды жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіздік техникасы

Аң аулау кезінде:

Аңшы тегіс ұңғылы атыс қаруынан ату кезінде ұсақ бөлшек адамдар мен жануарлар үшін 200 м – ге дейін, ірі – 300 м -ге дейін, картечь - 600 м -ге дейін, оқ-1500 м -ге дейін қауіпті

екенін есте сақтау қажет. Ойық ұңғылы атыс қаруынан атылған оқ 5 км қашықтыққа дейін қауіпті.

Қару-жаракты (тіпті оқталмаған болсада) адамдар мен үй жануарларына бағыттамаңыз.

Қайықтан адамдардың басының үстіне, қайыққа көлденең бағытта немесе қайықта тұрғаннан тікелей жоғары қарай атуға болмайды.

Тұрғын үй немесе елді мекенге кірген кезде қару оқталмаған болуы тиіс.

Жолда қару бөлшектелген түрде және тыста болуы тиіс.

Оқтау немесе оқтан босату кезінде қару оқпаны жерге бағытталуы тиіс.

Патрондар тұратын жерге тығыз кіретін гильзаны калибрлеу сақинасы арқылы өткізу қажет.

Оқ атылмай қалған жағдайда бірден мылтықты ашпаңыз - созылмалы атыс болуы мүмкін/ оқ кідіріп барып атылу мүмкін.

Сақтандырғыш әрдайым қосылып тұру, ал шүріппелі қарулардың шүріппесі төмен түсірілген болуы тиіс.

Өзіңізге қарай бағытталған қаруды ұңғысынан ұстап, тартуға болмайды;

Жабайы құсты өлтіру үшін мылтықты дүммен пайдалануға болмайды;

Ірі аңды атқан соң оның өлгеніне көз жеткізбей тұрып, қасына жақындамаңыз. Жараланған аңды басынан атып өлтіреді. Жатқан жаралы аңның әдетте құлағы жиырылып, мойнындағы жүні тікірейіп тұрады.

Қар немесе батпаққа толып қалған ұңғыдан/ оқпаннан атуға болмайды;

Екі ұңғыдан/ оқпаннан бірден атуға болмайды;

Қаруды құлаудан қорғау қажет;

Қарудың ақауларын уақтылы жою керек;

Келесі мылтықтарды пайдаланбаңыз:

Бойкалары колодканың дәнжарнағынан шығып тұрса;

Сақтандырғышта ақау болса;

Шүріппелер қару тетігінде ұсталып тұрса (мылтық 70-80 см биіктіктен дүмімен төмен қарай бірнеше қабатты кенеп жабылған жерге құлаған кезде шүріппелер тетікте қалу керек);

Шүріппелі мылтықтардың шүріппесі жіберетін ілгек басылмай тұрса бойкаларға жетеді;

Бір ұңғыдан/ оқпаннан атқан кезде екіншісі өздігінен атылса;

Қораптағы ұңғы біраз шайқалып тұрса;

Ұңғылар үлкейіп кеткен немесе терең шұңқырлар бар болған жағдайда;

Өзектер берік бекітілмеген жағдайда;

Дүм мен ложаның аузында сынықтар бар болса;

Антабка берік бекітілмеген жағдайда.

Қаруды сақтау және аңшылық кезіндегі қауіпсіздік техникасы.

Аңшылық мақсатында иір ойықты, беті тегіс ұңғыны және жинақтамалы аңшылық қаруын қолдануға рұқсат етілген.

Иір ойықты аңшылық карабиндердің калибрі 5,6 мм бастап, 9 мм дейін болады. Штуцерлер 14 мм дейін. Қарудың шетелдік үлгілерінің калибрі дюйм үлесімен де өлшене алады.

Беті тегіс ұңғыны қарудың 12 калибрден (диаметрі қорғасын фунтынан алынатын ұңғы каналының диаметріне тең дөңгелек қорғасын оқтардың саны - 454 гр.) аспайтын түрін пайдалануға рұқсат. Бір және екі ұңғыны қарулар, сондай-ақ жартылай автоматты беті тегіс ұңғыны қарулар шығарылады. Автоматты емес қарулар шүріппелі және шүріппесіз болады (шүріппелер құлыптарда жасырылған).

Жинақтамалы қарулар дегеніміз – бұл иір ойықты және беті тегіс ұңғыны ұңғылардың әртүрлі үйлесіміндегі екі, үш немесе төрт ұңғылы қарулар.

Аңшылық оқ-дәрілерге патрондар мен оларды қайта оқтауға арналған туындылар (гильзалар, капсульдер, дәрі, бытыра, артиллерия оғы, оқтар, төсемдер және т.б.) жатады.

Латуньді, пластмасса және папкалы (қағаз) гильзалар қолданылады.

Латуньді гильзалар үшін «Центробой» және қалған гильзаларға «Жевело» капсульдері қолданылады.

Дәрі «Сокол», «Барыс», «Сұңқар» түтінді және түтінсіз болып шығарылады. Винтовкалы және артиллериялық дәріні, сондай-ақ басқа да жарылғыш заттарды беті тегіс ұңғылы қаруларға қолдануға болмайды.

Бытыра № 0000 бастап, № 9 дейінгі көлемі бойынша ажыратылады. Артиллерия оғы 6 мм бастап, 9 мм дейінгі даметрде шығарылады.

Оқтар ұңғы каналының диаметрі бойынша дайындалады. Егер майысатын белдеушелері болмаса, ұңғының каналымен емін-еркін өтпейтін оқты пайдалануға жол берілмейді.

Бытыра, артиллерия оғы және оққа арналған материал – қорғасынның қатты қорытпасы. Импортты патрондарда қорғасыннан жасалғаннан экологиялық қауіпсіздігі жоғарырақ арнайы контейнерлердегі шойын бытыралар қолданылуы мүмкін. Кейде оқтар қорғасын бағыттауыш белдеушелері бар немесе контейнерлердегі латуннен немесе қоладан жасалады.

Аңшы бөгде адамдар мен балалар үшін қару мен оқ-дәрілердің қолжетімсіздігін қамтамасыз етуге міндетті. Жиі жазатайым оқиғалар патрондарды жабдықтау/жарақтау кезінде орын алады, олардың алдын алу үшін келесі сақтық шараларын сақтау қажет:

Капсюльді гильзаға балғамен соғып енгізбеңіз, бұл үшін арнайы құралдарды пайдалану қажет, сонымен қатар жақын маңда ашық оқ-дәрі болмауы керек;

Капсюльді оқталған/жарақталған патронға салмаңыз;

Оқ-дәріні тек қолдың күшімен пресстеңіз;

Патрондарды жарақтау кезінде және патрондар жарақталатын жерде темекі шегуге болмайды;

Патрондарды жарақтаған уақытта назарыңызды басқа нәрсеге бөлмеңіз;

Көп оқ-дәріні ашық күйде ұстамаңыз;

Патрондар жарақталатын жерге балаларды жолатпаңыз;

Қысқарған капсюльді тек арнайы жарақтың көмегімен алып тастаңыз;

Түтінсіз және түтінді оқ-дәріні араластырмаңыз;

Патрондарды белгісіз оқ-дәрімен жарақтамаңыз;

Патрондарды дымқыл оқ-дәрімен жарақтамаңыз;

Зарядтың (оқ-дәрінің) және снарядтың (бытыралар, артиллерия оқтары немесе оқтар) салмағы зауыттық нұсқаулықтарға сәйкес болуы тиіс;

Түтінсіз оқ-дәріні көлемді жолмен (өлшеумен) өлшеуіне жол берілмейді;

Оқты төсеммен немесе қалың төсенішпен жабуға болмайды.

Зардап шеккенге алғашқы жәрдем көрсету

Аңшылыққа шыққан уақытта (әсіресе бірнеше күнге) медициналық қобдишаны бірге алып шығу керек. Мұндай қобдишаның ішінде: валидол, нитроглицерин, аспирин, анальгин, йод, марганец ерітіндісі (марганцовка), сутегі тотығы, антибиотиктер, танғыш, зарарсыздандырған мақта және вазелин болуы қажет.

Жараланған жағдайда жарақаттың айналасына, жараның өзіне йод жағып, бетін дәке тампонмен жауып, танғыш тағу керек. Жарып/тесіп өткен жарақаттарда тампон жара тесігінің екі жағына да қойылады. Тампондардың ортасына қол тигізбеңіз. Жараны бұлақ суымен жумаңыз.

Егер жараның қаны сорғылап ақса, демек артерияға зақым келген. Мұндай кезде қанды тоқтату үшін артерияны жараның үстіңгі жағынан қатты басып ұстап тұрып, қан азырақ ағу үшін аяқ-қолды жоғары көтеру керек. Осыдан соң жарақаттың үстіңгі жағынан аяқ-қолға сүлгі, белдік немесе жіп ораңыз. Қан аяқ-қолға дұрыс бару үшін танған жерді әр екі сағат сайын бірнеше минутқа босату керек.

Көктамырдан аққан қанның қаупі азырақ: көктамырдан қан баяуырақ ағады және бірқалыпты ағады.

Сырылған жерлер абайлап, эфирге немесе бензинге малынған таза дәкемен жуылады да зарарсызданған таңғыш салынады. Соғылу (contusio) - жұмсақ тіндердің немесе ағзалардың анатомиялық тұтастығының көрінетін бұзылусыз жабық механикалық зақымдануы. Механикалық әсерден пайда болатын, анатомиясы өзгермеген, тіндер мен ағзалардың жабық зақымы. Соғылу көбінесе ауыр затпен соғылуы салдарынан пайда болады. Әдетте, ауырсыну орнында ісіну, жиі қан кету (көгеру) пайда болады. Егер ірі қан тамырлары үзілсе, гематома пайда болуы мүмкін - тері астында қан жиналуы. Жұмсақ тіндердің соғылуы әдетте ауырсынуды тудырады, ал ішкі ағзалардың соғылуы ауыр зардаптарға, тіпті зардап шегушінің өлуіне дейін әкеп соқтыруы мүмкін.

Соғылу кезіндегі алғашқы көмек:

Егер соғылу нәтижесінде ішкі мүшелердің зақымданғанына күдік болса, алғашқы көмек көрсетудің басымдықтары туралы ойлану қажет.

Соғылған жерге 15-20 минутқа суық қою қажет, содан кейін соғылған жерге таңғышты қою керек, сондай-ақ қатты байлау қажет. Мұндай таңғыштың мақсаты-тіндерді қысып, қан құйылу таралуын шектеу. Таңғыштың үстіне қайтадан суық қойып, оны 1,5-2 сағат ұстаңыз.

2-3 күннен кейін құйылған қанның сорылуын жеделдету үшін жылуды (жылытатын компресстер, жергілікті жылы ванналар) қолдану қажет.

Созылу (дисторсия) - анатомиялық тұтастығының бұзылуынсыз бойлық әрекет ететін күш әсерінен байламдардың, бұлшықеттердің, сіңірлердің және басқа да тіндердің зақымдануы. Бұлшықеттердің созылуы көбінесе соққы немесе адамның сәтсіз қадам салдарынан пайда болады. Бұлшықеттің созылу белгісі-кенеттен күрт ауырсыну, қан кету, сезілетін ойықтың пайда болуы. Байламдардың созылуы оның қалыңдығына қан құйылуымен байламның жекелеген талшықтарының үзілуіне әкелуі мүмкін. Қозғалыс кезінде буындағы ауырсыну, ісіну байқалады. Сіңірдің созылуы немесе жарылуы, егер тері қанмен нашар жабдықталса, шамадан тыс ауыр түсіру кезінде немесе құлау жағдайында болуы мүмкін. Тек бұрын бүлінген сіңірлер үзіледі.

Созылу кезіндегі алғашқы көмек.

Зақымданған орынға суық зат қою керек, содан кейін қатты таңғышты қою қажет. Иелімді бинтті қолдануға болады.

2 күн бойы толық тыныштық пен суықты қамтамасыз ету керек, содан соң жылуды (жылытатын компресстер, жылы ванналар) қолдану қажет.

Қайта созылудың алдын алу-массаж, емдік гимнастика жасау.

Жарылуға/үзілуге күдік болған кезде, сондай - ақ ауру және ісіну кетпесе-травмпунктке немесе емханаға дәрігерге бару керек.

Буынның шығуы (luxatio) - буын функциясының бұзылуына әкелетін, сүйектердің буын ұштарының физиологиялық қозғалуынан тыс тұрақты ығысуы. Буынның шығу белгілері-буындағы ауырсыну, оның контурының деформациясы, буын қызметінің бұзылуы, бос буындық шұңқырды анықтау.

Шығу кезіндегі алғашқы көмек.

Аяқ-қолдың жарақат алғаннан кейін қабылдаған күйінде бекіту.

Зақымдалған жерге суықты қойыңыз.

Егер мүмкін болса дененің зақымдалған бөлігін көтеру, мысалы, қолдың немесе аяқтың саусақтары шығып кетсе.

Жедел жәрдем шақыру қажет.

Зардап шегушіге ішуге немесе жеуге рұқсат етпеу/берму/тыйым салу.

Шығып кеткен жерді еш уақытта өз бетінше салуға болмайды.

Сынған кезде сүйек сынықтарының өзара ығысуын болдырмау үшін дереу шина салу қажет (сынған аяқ-қолға екі тақтай салу) және науқасты ауруханаға абайлап жіберу немесе оған дәрігерді жеткізу керек.

Зардап шегуші есінен танып қалған жағдайда оны көлеңкеге жатқызып, аяқтары басынан бірнеше жоғары болатындай етіп қою керек, тыныс алуды жеңілдету үшін киімін ағыту, бетіне суық су шашу қажет. Самайын одеколонмен сүрткен жақсы болады, нашатыр

спиртін искетіңіз, зардап шегушіге ыстық шай ұсыныңыз. Егер адам есін жимаса, жасанды тыныс алу әрекетін жасау керек және дәрігерді шақыру керек.

Жылу немесе күн өткен кезінде зардап шеккен адамның киім-кешегін ағыту немесе шешу керек, оны салқын жерге (көлеңкеге) жақызу; оған жиі, аз мөлшерде салқын су беру қажет. Басына суық басып, кеудесін суық сумен сулап, дымқыл сүлгімен сүрту керек. Ауыр жағдайларда жасанды тыныс алу тәсіліне жүгіну керек.

Суға батқан адамға алғашқы медициналық көмек көрсету кезінде зардап шеккенің киімін шешу керек. Тізеңізді тіреп (бір тіземен тізерлеп тұрып), басы мен кеудесі төмен салбырап тұратындай ішімен жатқызу қажет. Өкпесіне кірген су аузы мен мұрнынан шығу үшін бірнеше рет кеудесін бүйір жағынан/ кеуде қуысына басыңыз. Содан кейін зардап шегушінің аузын және мұрнын тұнба мен шырыштан тазартып, жасанды тыныс алу әрекетін жасау керек. Зардап шегушінің тыныс алуы қалпына келгенде оның денесін сүлгімен қызарғанға дейін ысқылау керек. Содан соң төсекке жатқызып, жылытып, ыстық шай беріңіз.

Үсіген кезде сезімталдығын жоғалтып, бозарған теріні жылығанша және қызарғанша суықта қолғаппен ысқылаңыз, вазелин немесе қандай да бір тұздалмаған маймен майлау керек. Үсіген қолды суық суда жылытуға, содан кейін ысқылауға болады. Үсіген тері көлбірегенде, оларды спиртпен немесе 5% марганец қышқылды калий ерітіндісімен жуу қажет. Қатты үсік алған жағдайда зардап шегушіні тез арада медициналық орталыққа жеткізу немесе дәрігерді шақыру қажет.

Улы жылан немесе өрмекші шаққан кезде аяқ-қолдарын тістеген жерден жоғары, бірақ жараға мүмкіндігінше жақын тыңытқышпен тартып байлау керек. Содан кейін қанды тоқтатпай, жарадан уды алып, оны тістеген жерден қысып шығарады. Егер аузда жаралар бар болса, уды ауызбен соруға болмайды, өйткені удың жара арқылы қанға еніп, улануға әкеліп соғуы мүмкін. Шағылған орынға қан сорғыш банканы, стақанды немесе рюмканы 1-3 минутқа қойған жақсы, 2 минуттық үзілістен кейін оны қайтадан қояды. Осылайша 3-4 рет қайталап, жараны спиртпен жуады немесе пышақтың ұшымен күйдіреді. Аяқ-қолды 30 минуттан артық тартпау керек. Зардап шегушіге арақ немесе коньяк беруге болады.

Найзағайдан зардап шеккенді тіпті егер ол өмір белгілерін көрсетпесе де, қаза болды деп санауға болмайды. Оның киімін шешіп, ұзақ жасанды тыныс алу әрекетін жасау қажет:

а) бірінші әдіс/тәсіл асықпай, 1-2-3 деген есеп бойынша зардап шеккен адамның қолын жоғары көтеріп, оларды бастың артқы жағына апарып, осы қалыпта ұстап тұру керек. Содан кейін 4-5-6 деген ретпен зардап шегушінің қолын түсіріп, оларды кеуде қуысының бүйіріне қысып, дәл сол ретпен қайталаңыз.

б) екінші әдіс/тәсіл, зардап шегушіні кеудеге төмен/ішіне жатқызып, бір қолын бүгіп, басын шет жаққа қаратып, бүгілген қолына қойыңыз. Содан кейін 1-2-3 саны бойынша белсенді түрде алақаныңызбен кеудесінің төмен жағын басыңыз. 4-5-6 саны бойынша қысымды тоқтатып, күтіңіз.

Екі тәсілмен де 1 минут ішінде 16-18 тыныс алу қозғалыстарын жасауға болады. Бұл ретте дем алу және дем шығару 1 қозғалыс болып есептеледі.

Тамақтан уланған жағдайда зардап шегушінің құсуы қажет. Асқазанды шайыңыз. Ыстық, тәтті шай ішкізіңіз.
